

ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

Көкейтесті

М.Әбдікәдімұлы

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Д.Ысқақұлы

**Мемлекеттік тілді
білу – өмір талабы**

Проза

Е.Мұраітов

САТҚЫНДЫҚ,

Мәдени мұра

Т.Рысбаева

Балбал тәстөр

№11 2014



Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

1959 жылы туған. Көкшетау университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. «Зобалаң», «Күн тұтылған мезгіл», «Естемес би», «Сұлеймен қарақшы», «Қараман қарақшы», «Дүрбелең» сияқты романдар мен хикаялардың авторы. Әңгімелері мен түрлі тақырыптағы мақалалары республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1. АДАМ ТӘРБИЕСІ МҮЛДЕ ҰМЫТ ҚАЛДЫ

Адамында тәрбие болмаған елдің де, қоғамның да сиқы қашады. Өткен ғасырдың соңына таман СОКП ОК-іне бас хатшы болып келген Горбачев бір жиында: «Біз «кайта құруды» ең алдымен адам тәрбиесінен бастауымыз керек» деп айтқаны бар-ды. Бірақ ол бұл сөздің үдесінен шықпады. Айтты да қойды. Ал артынша оның барлық қылығы, керісінше, адам түгiлi бүкiл жүйе мен қоғам тәрбиесін де бұзуға алып келді. Сөйтіп идеологиясы Құдайдың да, адамның да көңіліне жақпайтын Кеңестер одағы тарап кетті.

Ол одақ тарағанымен, сол одақтың шекпенінен шыққан жаңа мемлекеттер жаңа сипаттағы қоғам құруға белсене кірісті. Әрине, жаңа мемлекетті, жаңа қоғамды жай адам құра алмайды.

Байлыққа жетудің ілкіден келе жатқан бір-ақ жолы бар-тын. Ол – өзгелерді алдап-арбап, дiттеген мақсатқа жету үшін қандай да бір кедергілерге қарамай, алға ұмтылумен іске асатын нәрсе. Ондай мақсаттағы адам өзгелердің жағдайымен санаса бермейтіні әмбеге аян әрі жанына ылғи өзімен пікірлес адамдарды жинап алатыны ақиқат. Өйткені адам періште емес және кез келген пенде пайғамбар емес. Адам байлыққа бөккен сайын пиғылы да өзгереді. Пиғыл деген құрғыр адамдары таптық бөліністерге әкеп соқтырады. Ал таптық бөлініске түскен қоғамда қандай адам тәрбиесі болуы мүмкін? Әсіресе біздің қоғамда...

Кеңестер одағы тұсында да адам тәрбиесіне жете көңіл бөлінген жоқ. Сол кезде бұл тақырып мектеп, институт қабығаларында көп айтылып, тіпті кейде «Кеңестік өмір мәні (Советский образ жизни)» деп аталатын арнайы сабақтар да өткізілетін. Мұндай сабақтар әскерлердің ішінде де, барлық зауыт-фабрикалар мен өндіріс жұмысшылары арасында да үнемі насихатталып отырылатын. Соған қарамастан, о заманда да ұрлық-қарлық, алдау-арбау тиылған жоқ. Кеңестер одағы өз кезінде арақты ең көп ішетін маскүнемдер еліне айналған... Десек те, ол кезеңде

ел ішінде бір жайма-шуақтық бар-тын. Жұмыс орындары мол болатын. Жұмыс істеген адам бір жалақымен өмір сүре алатын. Дүкендегі тауарлардың барлық түрі кез-келген жерде бір бағада болатын. Жұмысшылар кезекке тұрып, өкіметтен пәтер ала алатын. Қысқасын айтқанда, ол уақытта қарапайым тұрмыс пен өмір сүруге мүмкіндік бар-ды. Бірақ ең жаманы – халық күнделікті тұрмыстық технологиялар мен заманға лайық озық техникалардан мүлдем шеттетіліп тасталынды. Екі қабатты жекеменшік үй салу мен бүгінде ешкім менсінбейтін «Москвич», «Жигулиды» сатып алу мұң болатын. Дегенмен де сол кезде мұндай нәрселерге қол жеткізген пысықайлар көп-ті. Кеңестік үгіт-насихат топтары мен тек бір-ақ коммунистік партияның сойылын соғатын барлық ақпарат құралдары күнделікті «Кеңестік өмір мәнін» қаншалықты жұрттың санасына құйып, құлағына сіндіріп жатса да, «байлық мұрат емес, адамға ең басты қасиет қарапайымдылық пен адамгершілік болуы керек» деп сағат сайын, сәт сайын ұрандатса да, халық, бәрібір, екі қабатты үйі немесе жеке көлігі бар кісіні басқалардан ерек санайтын. Ал жекеменшік «Волгасы» бар кісіні көрсе, көздері бақырайып, ауыздары ашылып, айтуға сөз таппай қалатын. Қызметтік «Волга» таситын үлкен лауазымды адамды – «Құдай жоқ» деп оқытатын кеңес заманында жұрт құдайдай көретін. Міне, дүние шіркін өзінде жоқ болса да, басқаға біткен байлықтың мысы мен оған деген қызығушылық, сондай темірдей тәртібі жолға қойылған бағыты, ең бастысы – керемет күшті билігі бар Кеңес халқының санасын басып, басын айналдыратын. Кеңес үкіметі «Біздің үстімізден коммунизм елесі ұшып жүр» десе, жұрт көңілінде «Қайтсем билікке жетсем, болмаса қайтсем бір машина сатып алсам немесе қайтсем басқалардан артық тұрсам» деген елес-арман болатын.

Кеңес одағы ыдырап, бар нәрсеге, әсіресе, байлық жинауға жол ашылғасын, көз көріп, құлақ естімеген құбылыстар етек ала бастады. Ондай құбылыс



«Капиталистік қоғам» деп аталады екен. Капиталистік қоғамда тек пысықтар ғана, онда да байлыққа жетудің көзін тапқан адам ғана алға жылжи алады екен. Ал байлыққа жету үшін адам не істеу керек екенін біз жоғарыда бірауыз сөзбен жаздық. Кеңес кезінде байлық пен маңсапқа жете алмай көздері карауытып жүргендер, бұрынғы халық игілігіне жұмыс істеген кәсіпорындардың, мекемелердің барлығын талан-таражға салып, бәрі дүниенің құлына айнала бастады. Ешбір соғыссыз, қиындықсыз басқа бір қоғамдық формацияға өткен елде сорақы тірліктерден өзге ештеңені көре алмайсыз.

Иә, байлық үшін арын да, барын да сатып, дәулетке жеткендерді категориясына қарай ондаған топтарға бөлуге болады. Ондай топтағылар халықты адамшылық тәрбиеден гөрі пасықтық, жалтақтық, дүниеқоңыздық, сатқындық, жемқорлық сияқты жаман әдеттерге бастап, түбіне батырып жібергенін көзі қарақты жандардың қазір бәрі біледі. Адам тәрбиесі, бұның ішінде ұлттық тәрбие болмаған жерде және өзге ұлттарды мемлекет иесі – қазақ тәрбиесіне еліктіре алмаған елде қаншалықты гүлденген қоғам болуы мүмкін. Бұл тұрғыда халқының біріне дейін қалмай барлық жағдайы шешіліп қойылмаса да, өз жұртының 96-97 пайызының өмірлік және тұрмыстық мәселелері жолға қойылған озық елдермен бізді салыстыруға келмейді. Тіпті бұл жайында сөз етудің де қажеті жоқ. Бірінші сыныпта оқитын ұлымыз: «Апай бүгін маған бес қойды» деген сөзді қалай шаттанып айтса, ертесіне тағы да: «Апай азанда әрбірің екі жүз теңгеден әкеліндер. Сол ақшаны бірінші әкелген бала – ең жақсы бала деп айтты» деген сөзін жайбарақат айта салатынына мән бермейтін тоңмойын халық болып қалыптасып жатқанымызды неге көрмейміз? Баланың бар тәрбиесі не үшін жиналып жатқаны белгісіз осы екі жүз теңгеден бұзыла бастайтынын неліктен аңғармаймыз? Иә, мұны қойшы, өз-өздеріне келген, ақыл тоқтатқан, сана-өресі толысқан жаста делінетін ересектеріміздің өзі қазіргі уақытта неліктен сонша келте ойлы келетінін, оған не жазықты екеніне көңіл бөлмейтін қоғамның бізді қайда алып бара жатқандығын қалайша байыптамаймыз? Осындай келеңсіз тірліктердің бәрі қоғамда адам тәрбиесі болмағандықтан кең өріс алуда. Біз алдағы тарауларда адам тәрбиесі жайына арнайы тарау арнаймыз. Ал қазірше кез келген адамның тәрбиесі ана тілінен келеді десек, бірінші кезекте өзіміздің қазақ тілінің қазіргі ахуалын тарқатып айтуға тура келеді.

2. ҚАЗАҚ ТІЛІН КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУГЕ НЕ КЕДЕРГІ БОЛЫП ОТЫР?

Кез келген мемлекет өз жұртына тән кескін-келбетімен, болмыс-пішімімен және де өмір сүру дағдысымен, яғни өзіндік ұлттық ғұрыптарымен басқалардан ерекшеленеді десек, осылардың барлығының бастауында елдің халықтық тілі тұрады. Халықтық тіл дегеніміз – ел қай ұлттың атымен аталса,

сол ұлттың тілі деген сөз. Өкінішке орай, тек қағаз жүзінде ғана ресми бекітілген, ал күнделікті тіршілікте ешқандай үстемдікке ие емес бүгінгі қазақ тілін Қазақстанда мемлекеттік тіл деп айтуға еш келмейді. Анығын айтқанда, конституциядағы «Қазақстанда қазақ тілі – мемлекеттік тіл» тіл деген тіркес көз алдау үшін ғана жазыла салынғандай көрінеді.

Бұған базбіреулердің әр түрлі дәлелдер мен сылтаулар айтып, менімен таласа кетуі де ықтимал. Мәселен, «қазағы көп Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарындағы әкімшіліктерде жиналыстардың барлығы қазақша етіп өтіп жүр ғой» деген сияқты. Рас, олар қазақша өтіп жүр, бірақ сол жиналыста туылғаннан бері қазақтармен араласып жүрген бөтен ұлттан шыққан басшыға сөз берілсе, ол да, оған жауап қататын қазақтар да неге орысша сөйлей жөнелетіндері жөнінде әлгі маған дау айтқыш адам не айта алар екен? Облыстағы қазақша өтетін жиналыстар қазақ тілінің мәртебесін Республика тұрғысында еш көтере алмайды. Елдегі тілдік саясатқа байланысты қазақшаңа пысқырмай жүрген бөтендер тіл түгілі, қазақтардың өзін де адам қатарына санамайтыны шындық.

Көшеге шығып жан-жағыңызға қараңызшы. Құдай-ау, жарнамалардың, хабарландырулардың, мекеме маңдайларындағы жазулардың түрлі билбордтар мен көше экрандарындағы көз тартатын хабарламалардың дерлігі орыс тілінде немесе қазаша-орысша екі тілде. Орысшасын жазбасак, бөтендер түсінбей қалатындай. Енді орысшадан аттап, ағылшынша атаулармен әр түрлі мейрамхана, кафе, қонақүйлерді атап, қақ төбесіне америкалық үлгімен жазып қоятын болдық. Сірә, бізге шетелдіктер көп келеді-ау деймін, әлде қазақтардың біразы және басқалар көшіп кетуге дайындалып жатыр ма, жер-жерде французша, немісше, италиянша, корейше, қытайша оқытатын орындар есепсіз ашылып кеткен. Алматыға барсаң, Қазақстан қаласына емес, құдды бір Лондон мен Мәскеудің ортасында орналасқан, әрі ылғи бір дүбәралар тұратын қалаға келгендей боласың. Бір Алматы емес қой, Қазақстанның барлық қалалары сондай. Ағылшынша, орысша аздай, енді қала-қалаларда қытайша жарнамалар мен жазулар көбейе бастапты. Ал мұндай жарнамалардың астарында не жатқанын және олардың жас қазақ үшін ықпалы өте күшті болатынын ең жоғарғы орындарда отырған бірде-бір шенеунікті мазаламайтыны қорқынышты. Өйткені әр тілге бой алдырып, не өзінікі емес, не өзгенікі емес, дүбәра мәдениетке иек артып өскен жас қазақ ертең елдің тұтқасы, иесі болады деу қиын. Басқа ұлттарға бәрібір, күні ертең бірдене бола қалса, өз тарихи отанына көшіп кете салады. Көшпесе де оны қорғайтын тіреуші мемлекеті бар. Ал тілі мен ділінен, түрі мен ұлттық болмысынан айырылған қазақты кім керек қылады.

Өткен ғасырдың басында алғаш қабылданған Қазақстанның конституциясында ешбір қосымша бапсыз «Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі»



деп анық жазылған-ды. Сондағы қалыптаса бастаған жағдайға байланысты әрі Қазақстаннан ешқайда көшпеймін деп ойлаған өзге ұлттар және де орыстілді қазақтар бірден қазақ тіліне бет бұрған-ды. Балаларын қазақ балабақшаларына беріп, өздері де қазақ тілін үйрететін сабақтарға қатыса бастаған. Қазақстанда тұрғасын, «қазақ тілін білуіміз керек» деген пиғыл әрбір өзге ұлт өкілдерінің кеуделеріне кіре бастаған... Жалпы, конституцияның сол бабы дұрыс еді. Біздің елге сол жолмен кете беруі керек-ақ-тын. Алайда әлденеден өздерінше секемденген, әлде ішкі-сыртқы бір күштердің ықпалымен, болмаса өз қалауларымен, иә, оның сырын кім білген, екінші рет қабылданған конституцияда «Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген бапқа «орыс тілі қазақ тілімен тең қолданылатын – ресми тіл» деген баптың қосыла кетуі сол-ақ екен, бәрі баяғы кері қалыпқа түсе бастады. Өзге ұлттар қазақ тілін білуге деген ниеттерінен бірден айнып, «Мен ресми тілдің адамымын» деп шыға келді. Орыстілді қазақтар да сол жолға қайта түсті. Оған соңғы жылдары «Үш тұғырлы тіл» деген ұстаным шыққан соң қазақ жазғанның тілі тым мүшкіл халге түсті. «Үш тұғырлы тіл» дегенді насихаттау – мемлекеттік тілді қолданысты дамытудан да зор қарқын алып кетті. Бірақ Қазақстан билігі қу. Мемлекеттік тілді үйретуші орындарға арнайы ақша бөлетін болды. Мұндай үрдіс, яғни өз тілін өзі ақша беріп оқытатын үрдіс әлемнің ешбір елінде жоқ. Ал қазақ тілін үйретуге жыл сайын қанша миллион теңге бөлінетінін бір Құдайдың өзі білсін, бірақ бұл тұрғыда атқарылып жатқан іс еш алға басар емес және жуық арада алға басатын да сыңайы көрінбейді. Бұл үрдіс елдегі қалыптасқан формальді құбылыстардың бірі сияқты.

Осы «үш тұғырлы тіл» бағдарламасы Қазақстанда тек қазақтар үшін қабылданған шешім сияқты болып көрінеді маған. Әйтпегенде ше. Сол «үш тұғырлы тілдің» біздің елде ең бастысы – қазақ тілі болуы керек және бағдарлама бойынша осы мақсат көзделген. Бірақ еліміздегі барлық мектептерде осы бағдарламаның күшіне енгеніне қанша жыл болса да, алдымен қазақшаны оқып, үйренуге бар ықпалын салған, сөйтіп мемлекеттік тілде сайрап тұрған басқа ұлт өкілдері жоқ. Қазақшаны жөнді оқытпаған мектептерге тиісті орындардан ешқандай ескерту де, жаза да алмайды. Мектепті орысша оқитындар қазақшаға емес, ағылшынға баса назар аударып кеткен. Есесіне, қазақ мектебінде оқитындарға орысшамен бірге ағылшыншаны да меңгеру талабы қатаң түрде жолға қойылған.

Қазақстан өз бетінше ел болғалы жиырма үш жыл өтті. Ал бірақ осы жиырма үш жыл ішінде қазақшаны толық меңгеріп кеткен бір шенеунікті, тіпті қазағы көп қалалар мен шағын кенттерде тұратын бірде-бір еуропалықты көрдіңіз бе? Олардың қазақ тіліне түкіргені бар ма, егер біздің билік тіл мәселесінде оларға ешқандай талап пен қажеттілікті қоймай жатса. Идеологияның басты құралы – БАҚ-ының

Қазақстанда орыс тілінде шығатындарының өзі үлкен басымдыққа ие болып тұрғанда, одан қалса, Ресей телеарналарының біздің елде көрсетілетіндері мен ол жақтан жеткізілетін кітаптар мен газет-журналдардың саны қазақ тіліндегі басылымдарды жүз есе орап алып жатса, анда-санда болса да: «Мемлекеттік тілді үйреніңіздер! Оның болашағы зор!» деп халықты алдап қоятын жоғары лауазымды шенеуніктердің сөздері кімге арналып, не мақсатта айтылады?

Қазақстандағы мемлекеттік газеттердің қайсысын алсаңыз да, қазақшасымен бірге орысшасы қатарласып шығады. Басты телеарналардың барлығының да бағдарламалары сол қалыпта. Қазақша шыққан хабарлардың міндетті түрде орысшасы беріледі, бұл әдет облыстық телеарналарға да көшкен. Тіпті «Хабар» арнасындағы кейбір жобалар қазақша жүрсе, астына сөйлеушінің сөзінің орысшаға аударылған мәтіні титрмен беріліп тұрады. Олар, сірә, ойласа керек, біздің хабарды басқа тілділер көреді деп. Қазақстандағы ұлттардың басым көпшілігі «Хабардың» әртүрлі бағдарламалары түгілі бұл арнаның өзін көрмейді де. Ылғи мадаққа толы, елде жұмақ орнап жатқандай әсерге бөлейтін «Хабар» мен «Қазақстан» арналарындағы қасаң да қатып қалған немесе басқа елдердің телеарналарының жобаларын көшіріп алған, белгілі бір шеңберден шықпайтын хабарларды көргенше, біздің елдің орысы бар, қазағы бар, тағы басқалары бар, біз үшін титтей де мағынасы мен мазмұны жоқ шетел сериалдарын көруге әуес.

Сондай сериалдардың қазақ тіліне, қазақ жанына беретін бір мысқал пайдасы болса, қанеки. Бәрінен бұрын мына әдісті қараңыз. Кейбір арналарда қазақша жүрген сериалдар экранда орысша, орысша жүргені қазақша титрленеді. Қазақша жүріп, орысша титрленген сериалдарды мен қаншама бөгде ұлттармен араласып жүрсем де, оған қызыға қарап, әлгі сөздерді оқып, киноға шұқшиған бір орыстілді адамды көрген емеспін. Сонда киноларды былай титрлендіру кімге керек? Мұндай әдіспен кімге үлгі бермекпіз, болмаса біреулерге жағымпазданғанымыздың көрінісі ме? Бәлкім біз көп ұлттылықты дәріптеген, бірақ содан ештеңе шығара қоймаған, қайта тоз-тозы шығып ыдыраған КСРО елінің көшірме мемлекетіміз бе? Тіпті сол КСРО-ның кезінде хабарлар мен киноларды бұлай аударма титрлендіру тәсілі болмайтын.

Титрдегі аударма түк емес. Соңғы кезде Қазақстанда шыққан кинолар бір мезгілде екі тілде бірдей сөйлейтін болыпты. Қазақша жүріп жатқан кинода екі орыс кейіпкер бір жерде кездесіп қалса, болмаса қазақ пен орыс бір оқиға кезінде бас түйістіріп қалса, фильмдегі көріністер ауысып отыратыны сияқты, тілі де ауысып шыға келеді. Сенбесеніз, «Күләш», «Тракторшының махаббаты», «Ағайындылар» тағы да сол тәрізді тілі шұбарланғанымен қатар көркемдігі де нашар біраз киноларға бір сәт назар салыңызшы. Өкінішке орай, өз өмірін «қазағым» деп өксімен өткізген Мұстафа Шоқай туралы кино да осындай тәртіппен түсірілген. Осындай-осындай киноларды



да аузын ашып, тамсана көрген бір де бір орыстілді адамдарды да көрген емен. Бәлкім біздің жаңа режиссерлер мен сценарий жазушылар қостілді кино шығарып соны соқпақ табуды ойлап жүрген шығар. Бәлкім олар қазақша түсірілген кинолар өтімсіз, оған орыс тілін қоссақ, көрермен көбейеді деп ойлайтын шығар. Алайда олардың мұндай әдістері орысқа да, қазаққа да қажет емес.

Бәрінен бұрын кинолар мен жарнамалардағы орысшадан қазақшаға аударылған кейбір аудармаларға не жыларыңды, не күлеріңді білмейсің. Бір кинода «Я тебя к нему ревную» деген сөзді титрге «мен сені оған қызғанамын» деп жазып шықты. Қазақ «оған» қызғанушы ма еді, «одан» қызғанатын еді ғой. Сол сияқты «Гадание при свечах» деген киноның атын «Дуаның салдары», «Запрет на любовь» атты фильмді «Махаббат машақаты» деп орашолақ аударма салған. Біреулер «процесс» деген сөзді – үдеріс, «свежий» сөзін – балғын деп аударыпты. Ең масқарасы – осы аудармалардан өздерін кәнігі қаламгер деп есептейтін кейбір газет және телеарна журналистері бүкіл елге қарайтын басылымдар мен экрандарда жиі айтатын болып жүр.

Иә, айта берсек, мұндай мысалдар өте көп. Айналып келгенде осының барлығы – онсыз да қажетсіз тілдер санатына күннен-күнге жақындап келе жатқан қазақ тілінің тамырына бұрынғыдан бетер балта шабу.

Біз жоғарыда аударма жайындағы бір-екі мысалдарды бекерге келтіріп өткен жоқпыз. Таза шықпаған аударма тіл мәйегін бұзғаны былай тұрсын, жас өскінді өз тілінде еш мағынасыз қалай болса солай сөйлеуге үйретеді. Жа, жарар, ол туралы пікірімізді осымен доғарайық та, қайтадан қазақ тілінің ахуалына көшейік.

Қазақ тілінің қажетті деңгейге көтеріле алмауының бір жағына өзіміз де кінәліміз. Себебі бәріміздің бойымыз бен санамызды орысқа деген жалтақтаушылық басып тастаған. Неге біз көшеде, көлік ішінде, жұмыс орнында, т.б. жерлерде оларға орысша сөйлейміз? Неге біз оларға қазақша сөйлеп, бөтен жұрттың біреуін болса да қазақшаға үйретпейміз? Ондай пиғыл өзін «Мен қазақтың нағыз патриотымын» дейтін адамның өзінде де жоқ. Ол да бөтен ұлт кездессе, орысша сайрай жөнеледі. Осыны білетін, осыны көрген орыс қазақ тілін үйренемін деп талпынушы ма еді? Осыдан кейін оның бойында қазақшаны білуге деген қандай ниеттілік пен қажеттілік туындайды.

Әр қазақ бөтен ұлттан шыққан бір-бір көршісін, бір-бір досын немесе жұмыстас әріптестің қазақшаны білуге шақырып, үйретуге талпынса, ең болмағанда оған күнделікті қарапайым қатынас сөздерін қазақша айтса, анауың құдай біледі, беті бері бұрылар-ақ еді. «По казахский понимать понимаю, но не умею говорить» деп жүргендердің талайы бірте-бірте қазақша тіл сындырары анық еді. Бірақ біз мұны еш ойламаймыз. Қайта орысша сөйлесек, өзімізді білімді, білгіш ретінде санай-мыз. Көкірегімізде жуық арада

жоғала қоймайтын осындай жаман сенім ұялап алған. Қазақстан халқының 65 процентін құрап отырған қазақтардың тілі қажетті деңгейге көтеріле алмай отырғандығының бір себебі – осы.

Біздің тағы бір кінәміз – өте еліктегіш халықпыз. Жоқ, бұрынғы ата-бабаларымыз кім көрінгенге еліктегіш емес-ті. Қазіргі сормандай ұрпақ еліктегіш болып кетті. Еліктегіштіктің алдымен тілімізге өте үлкен зардап келтірді. Оған өткен ғасырлардағы неше түрлі тарихи оқиғалар ықпал етті десек те, біздің кеңпейілділігіміз, аккөңілділігіміз бен бөгденің көңілін қалдырмауға тырысатын қонақжайлық мінезіміз өзімізге сор болып жабысатынын, жабысқанын кезінде ел болып, жұрт болып аңғара алмағанымыз да жазықты. Соңғы екі-үш ғасырда басымыздан өткен саяси өзгерістердің барлығы ең бірінші тілге зияндық тигізді. Тілі шұбарланған халық өз кескін-келбетін жоғалтады және өз тіліне үстемдік еткен тілдің (орыс тілінің) жұртына қарап бой түзей бастайды. Еліктегіш деген нәрсе – басқа бір халықтың мәдениетіне осылай бой түзеуден басталады. Уақытында мұндай жұртты бұзатын бой түзеулерге қарсы шыққан, жанайқайға басқан қазақтың Кенесары мен Ахандай (А.Байтұрсынов) арыстары бас көтерген. Бұл екеуі ғана емес, ұлтымыздың қаншама ғұламалары бұған көп көңіл бөлген. Алайда «әлдінің арты диірмен тартады». Басқыншы ел, билік жүйесін мықтап қолға алған топ, халқының болашағы мен жай-күйін ойлаған ондай арыстардың сөзіне құлақ аспаған. Қайта оларды жау көрген. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның оңтүстік өлкесінен басқа өңірлердің барлығында хандық жүйені жойып, ел билеудің аға сұлтандық пен болыстық тәртібін енгізген орыс отаршылдары қазақты түпкілікті өзіне қарату мақсатында алдымен тілге шабуыл жасаған. Тілінен айырылған халық оңай игеріліп, оңай басқарылатынын патша ұлықтары жақсы түсінген. Ол үшін өмір сүрудің алғышарттары мен барлық қажеттілігін орыс тілінің аясына әкеп тіреп қойған. Және де қазақтарды бұл тілсіз аттап баса алмайтын күйге түсіріп, оны міндетті түрде білуге қажеттілік туғызған. Отаршылдар алдымен далалықтардың билеуші тобын орыстандыруды мақсат тұтқан. Билеушілері орысша сөйлесе, қара халық та оларға еліктеп, үлгі алатынын жақсы білген. Бұған «атақты реформашы» Сперанскийдің мына сөздері куә. Түп нұсқаны аудармай өз тілінде берейік: «...К черту казахского языка. Казахская степь теперь наша. Казахские правители отныне должны говорить на русском, и все правительственные дела должны вестись на этом языке... Русские чиновники, работающие при казахах отныне не должны нанимать переводчика. Пусть его нанимают казахские правители. Ведь они же под нами, а мы не под ними. Дети казахских правителей должны учиться в русских школах и воспитываться под нашим духом. Этих же, обрусевших казахов мы потом поставим правителями степи. Вот они-то научат свой народ русскому... Пусть теперь каждый



казах знает, что в будущем он без русского языка – никто».

Көрдіңіз бе, орыс тіліне деген кіріптарлықтың қай уақыттан бастау алғанын. Расында содан кейін барлық қазақ даласы орысша сөйлеп, орыс тәртібімен басқарылуға көшті. Отаршылдар бұл халықты орысша үйретуге уақыт керек деген ұстанымды ойға да алмады. «Орысша үйренсең үйрен, үйренбесең қойынды бағып, малшы болып жүре бер» дегендей пиғыл танытып, бір де бір бөтен ұлт тұрмайтын ауыл басшыларына дейін орыс тілін білуді міндеттеді. Соған орай сол уақыттағы барлық қазақ зиялылары орысша оқыды, орысша тәрбиеленді. Өйткені мұндай құбылыс өмір қажеттілігі-тұғын. Осылайша, өмір сүрудің барлық формалары орыс қағидаттарымен өлшенетін жағдайға жетті. Сол жағдайдан әлі де арыла алмаудамыз.

XIX ғасырда отаршылдар батыс, шығыс, солтүстік және орталық Қазақстандағы ел билеу жүйесін, сонымен бірге халықты да орыстандырып жатқанда, 1808 жылы Ташкенттен бастап Алматыға дейінгі өңірді басып алған Қоқан хандығы жергілікті қазақтарды өзбектендіруге ұмтылған. Қазақ даласының бір шеті Қызылорда, бір шеті Созақ пен Сарысуға дейінгі түгелдей оңтүстік өлкесін 1864 жылға дейін құзырында ұстаған Қоқан басқыншылығының тарихы әлі күнге дейін толыққанды зерттелінбегені сияқты, сол замандағы оңтүстіктегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалы, түптеп келгенде саяси кескін-келбеті қандай болғандығы да әлі толық ашылмай жатыр. Мен бұл кезең тарихын көп зерттеген адаммын. Бұл хандықтың жүргізген саясаты мен мүдделерін анықтау мақсатында Ташкент, Ферғана, Наманган архивтерін ақтарып, өзбек, тәжіктің талай тарихшыларының еңбектерімен таныстым. Шапқыншылықтың жабайы түрін ұстанған және үлкен империялар масштабындағы саясатты жүргізе алмаған Қоқан берік те айқын бағыт-бағдарламалы хандық болмаса да, өзіне тән ой-мақсаттарын біршама жүзеге асырған. Соның бірі – өздері басып алған қазақ даласын өзбектендіру саясаты. (Осыған бір де бір қазақ тарихшысы күні бүгінге дейін назар аудармай жүргендігі өкінішті). Қазақ даласын алғаш жаулаған Омар ханнан бастап, ең соңғы ханы Құдиярға дейін (бес рет хандық таққа отырған) қоқандықтар қазақтың өздеріне қараған негізгі қалаларын өзбектендіруге көп көңіл бөлген. Наманган облыстық архивіндегі «Қоқан хандығына қатысты жазбалар» атты папканың үшінші тігіндісінде мынадай сөз бар: «Омар хан Ферғана мен Әндіжан уәлаяттарынан Шымқалаға үш жүз еркек пен әйелді, Сайрамға төрт жүз еркек пен әйелді, Түркістанға жүз әйел мен еркекті, Әулиеатаға үш жүз еркек пен әйелді, Созаққа жүз еркек пен әйелді хандықтың тірегі ретінде көшірді».

Бұл 1814-15 жылдардағы оқиға. Омардан кейін хан болған Шерәлі де, Мәдәлі де, Құдияр да бұл істі жалғастырған. Сонда айналасы отыз-қырық жылдың ішінде қаншама өзбек қазақ қалаларына келіп ірге

тепті деңіз. Ташкент пен оның айналасындағы ауыл-кенттердегі қазақтарды өзбектендіру үрдісі сол заманда қатты белең алған. Оның астары түсінікті де. Билік өзбекше болғасын, құзырындағы халықты да өзбектендіру керек. Билікке мойынсұнған жазған қазақ айналадағы қалыптасқан ахуалдан шығып, қайда барсын? Алдымен өзбекше сөйлеуді үйренді. Содан бірте-бірте өзбекке айналып кеткенін өзі де білмей қалды. Бұл да бір билікке еліктеудің және төңіректегі қоғамдық сипатқа бой алдырудың басты көрінісі-тұғын. Соның салдарынан Ташкент пен Жызақтағы, сондай-ақ олардың айналасындағы мындаған қазақтардың уақыт ағымына қарай өзбек болып кеткендігі шүбәсіз. Бұл ешбір тарихи құжатқа түспеген сорлы ақиқат. Түбі қазақ өзбектердің саны қазіргі таңда екі-үш миллионнан кем еместігіне кәміл сенемін.

Қазіргі Өзбекстан жеріндегі жағдайды қоялықшы, өз өлкеміздегі ахуалға назар аударып көрейікші. Шымкенттің өзі мен іргесіндегі ауыл-кенттерде қаншама қазақ айналасы аз жылдың ішінде өзбекке айналып кетті деңіз. Бұл да бір дау тудырмайтын шындық. Бұған көз жеткізгіңіз келсе, оңтүстіктегі өзбектер шоғырланған ауылдарға барып, қариялары мен орта жастан асқан кісілерінен шыққан тегін жаймен сұраңызшы, басым көпшілігі өздерін қазақ руларына жатқызады. Олар мұны ойдан құрап айтпайды және оған намыстанбайды да. Өйткені олардың бойындағы намыс – баяғыдағы түрлі тарихи себептерге байланысты ұлты мен тілін сатқан бабаларымен бірге өліп кеткен. Осының бәріне бір уақытта қазақ жазғанды билеген өзбек билігі ықпал еткен. Өз қарақан басының қамы үшін төбедегі билікке жалтақтап, өз ұлты мен тілін ұмытқан қазақтың кейбір билеуші табы кінәлі. Әлі күнге дейін он қазақ отырған жерге бір өзбек келіп қалса, тілі келсе де, келмесе де сорлы қазақтың анаған «шунаққа, мунаққа» деп былдырлай жөнелетіні – сол қоқан заманынан қалған жалтақтық, құлдық психологияның жалғасы. Өзбектердің немесе түріктердің ортасында отырған қазақтардың тілі түгілі, түрі де соларға ұқсап кететіндігі қазақ бойынан намысшылдықтың оты жоғала бастағанының белгісі. (Бірақ қалың қазақ ортасында отырған не өзбектің, не шешеннің, не түріктің, тағы қайсысы болса да, ешбір ұлттың ешқашанда қазаққа ұқсап кетпейтіндігіне таңым бар).

Біз күнделікті өмірде орыс түгілі, өзбектерді де қазақша сөйлете алмай жүрміз. Мәселен, Өзбекстанда өзбекше білмейтін қазақ жоқ. Бізде ше? Несін жасырамыз, орыстар сияқты өзбектер де қазақ тіліне пыскырмай жүр. Оған кім кінәлі? Көпұлттылықты дәріптеген бүгінгі биліктің саясаты ма? Жоқ әлде, оларға «шунаққа, мынаққа» деп шүлдірлейтін өзіміздің намыссыздығымыз жазықты ма? Мына парадоксты қараңыз: әшейінде өзінің қалпын да, тілін де бұзбайтын өзбек қазақтан шыққан басшыға бір жұмыспен кірсе немесе әлдебіреуден таяқ жеп, жан алқымға келсе, неге таза қазақша сөйлеп кетеді?



Көрдіңіз бе, кез келген билік сатысы мен күштің құдіреттілігін. Осы екеуіне кіріптар болса, кез келген адам өзгеріп шыға келері хақ.

Еліктеу деген жаман нәрсе осындайdan туындайды. Соңғы екі-үш ғасыр көлемінде қазақ халқы өз билеушілеріне еліктеді. Солар таңдаған жолмен жүруге дағдыланды. Жақсы өмір сүру мен жақсы қызметке жету үшін орысша білу керек екенін санасына сіңірді де, өз ана тілін шетке ысырды. Қалакенттердегі барлық қазақтан шыққан қызметкерлер балаларын орыс мектебіне берді. Олардан қалаларда тұратын қазақ жұмысшылары да қалыспады. Ең әттеген-айы, қазақ тілі мен тарихынан ең жоғарғы ғылыми атақтарға жеткен ғұлама-оқымыстылардың өздері де балаларын орысша оқытты. Қазақтың мүйізі қарағайдай делінетін ақын-жазушылары да осы кептің соңында кетті. Солардың талайы өз шығармаларын өз балалары оқи алмайтынын біліп тұрып, кітаптарын кім үшін қазақша жазғандарын білмей-ақ өмірден өтіп кетті. Әкесінің шығармаларын түпнұсқадан оқи алмаған бала дүбәра болып өсетінін, өскенін кейбірі өте кеш түсінді. Ал орысша оқып, ділі орысша қалыптасқан жігіт баласын да орысша тәрбиелейтіні анық. Тұла-бойы қазақ тұрпатты, бірақ ойы мен санасы орысша ондай кісілер қазақ тілін білуге қаншалықты құлықсыз болса да, орыс жұрты оны өз қатарына санамайтынын, басына іс түссе өз туғаны – қазақтар қарайласатынын, биік таққа жетсе оған тек өз халқы сүйеу болатынын, тіпті өлсе де қазақтар жерлейтінін ұқпайтыны өкінішті-ақ. «Ұзын сөздің ырғасы» деген тіркеспен айтсақ, айналып келгенде, мұндай қасиетсіз дүбәралыққа ана тілінен жерінуге, басқаға еліктеуге алып келеді.

Әр ұлттың өзіндік қасиеті болуға тиіс. Ал қасиет дегеніміз, ана тілімен бірге бітеді. Кезінде үлкен-үлкен қызметтер атқарған қаншама зейнеткер қариялар бар арамызда. Солардың көбісі ауылда туған, қазақы тәрбиені көрген. Бірақ жігіт шағында қызмет бабымен жүріп қазақы қасиетті ұмытқан. Өйткені сол кезге билік пен жағдай соған итермеледі. Уақыт ағымына ерген талайы кеше өзі өскен ауылға, ондағы тіршілік пен ағайындар тұрмысына бойына орыстық тәрбиемен сіңген көзқараспен қараған. Тіпті олардың ішінде кезінде қазақтарды қудалап, өзге ұлттарды қолпаштап, қолдағандар да көп болған. Ең бастысы, олардың саналарында – «болашақтың негізі – орыс тілінде» деген сенім ұялады. Іргеде отырған өзбек пен қазақтың ұлттық қасиеттерінің қайсысы озып, қайсысы қалып бара жатқанын да салыстыруға көңіл бөлмеді. «Қазақты адам қылған орыс» деген қағида саналарын улап тастағаны соншама, мынау қытайдың, сонау жапонның, анау Еуропа елдерінің орыс тілісіз, өз тілдерімен-ақ сары жұртты жер қаптырған мәдениетке қол жеткізіп жатқанына да мән бермеді. Жұмыста да, үйінде де орыс мәдениетін дәріптеумен күн өткізді. Бір кезде...

Иә, бір кезде жасы келіп, зейнеткерлікке шыққандары сол еді, бәрі қайтадан қазақ болып шыға

келді. Өйткені осы кезде барып, өзге ұлттың өзіне нағыз дос еместігіне көз жеткізді. Кездескен жерде олар жағдай сұрасып, амандасуға ғана жарайды екен. Ал өлім-жітім мен той-жиындарда, қала берді, өмірдің барлық тыныс-тіршілігінде қазақ керек екендігін түсінді. Бірақ кеш түсінді. Сонда да тұғырдан тайғысы келмей, бұрынғы қызметін малданып, ағайынға баскөз болғысы келеді. Заман ағымына қарай, өзгермелі мінезді ұстанған олар, биліктің қандайы болса да бағынып және соның ығына жығылып үйренген қарапайым қазаққа үстемдік еткісі келеді. Момын қазақ бір кезде қолында билік болған әлгінің жанына амалсыздан жиналады, айтқанына құлақ түреді. Ол болса, бәрін білгіш, қазақы үлгі-өсиетті насихаттағыш қария ретінде көзге түсе бастайды. Кешегі бишігештік пиғылдан айырылған, жұрттың бәріне «қарағым, шырағым» дейтін мейірман жанға айналған. Бірақ үйінде балалары мен немерелеріне баяғыдай орысша сөйлейді. Ағайынға қазақша қасиет, ал отбасына орысша үлгі көрсетеді. Сонда олардың шын тұлғасы қандай болғаны? Бұл қалалардағы қазіргі қарияларымыздың қылығы.

Егер олардан «Осындай ағайын арасындағы қазақтық ғұрыптарды дәріптеуді кеше қызметте отырған кезіңізде неге қолға алмадыңыз?» – деп сұрай қалсаңыз, оған беретін жауаптары дайын: «Е-е, оған қызмет бабы, заман ағымы ырық берді ме?» – дейді. Дегенмен дұрыс айтады. Заман ағымы ондайға ырық бермеді. Ойлы жан осы сөздің астарынан-ақ талай сырды ұғынуына болады. Кез келген заманды сол қоғамды билеген билік жасайды. Қай кезде болмасын, билеуші топ елді қай бағытқа сүйресе, халық сол бағытпен жүреді. Бұл қоғамның кез келген саласын қамтиды. Билік орысша сөйлесе, халық та орысша, қытайша сөйлесе, халық та қытайша сөйлейді. Билік екі немесе үш тілде сөйлесе, жұрты да соны қайталайды. Бірақ ел басындағы топ қай тілге басымырақ көңіл бөлсе, жұрт та сол ыққа жығылады. Қазір Қазақстанда қазақ тілін кеңінен қолданысқа енгізуге бір-ақ нәрсе кедергі болып тұр. Ол – біздің биліктің орыстық қалыптан айнымауы. Қазақ тілінің өрісін кеңейтуді халықтың өзіне салып қойып, ал өздері орысша сөйлеуін жалғастыра берсе, ел ешуақытта мемлекеттік тілге көшпейді. Мұндай ұстаным тек қағаз жүзінде қала бермек. Себебі тілдік үстемдікке жету үшін, оған қажеттілік пен кіріптарлықты арттыру қажет. Ал дәл қазір қазақ тілі өзге түгілі, қазақ билігінің өзіне де керек болмай тұр.

Бір саясаткер айтады: «Қазақ тіліне толық көшуге әлі ертерек. Оған бірте-бірте қол жеткіземіз. Қазақстанда қазақтар әбден көбейген кезде, тіл өзінен-өзі-ақ ретке келеді» деп. Бос долбар, жаңсақ оптимизм. Қазақстанда қазақтар қаншалықты өсіп жатса, өзге ұлттар да соншалықты көбейіп жатыр. Бұл тенденцияны қайтпекпіз? Сонда қазақ жазған бөгделердің көңіліне мәңгілік қарап өтпек пе?

Елге қатысты барлық экономика да, саясат та ең жоғарғы биліктен басқарылатыны сияқты, тіл заңы да



өкімет тарапынан басқарылуы тиіс. «Мен будан кийін барлық жиналысты казакша уткиземин» деп халықты алдап, әрі тілді қорлап сөйлейтін Премьер тақта отырғанда, «Биз бул шара наурыз айнда уткиземиз» деп казакшаны бұза, ыңкылдап әрең сөйлейтін казак министр тұрғанда, теледидар мен газетке сұхбатын орысша беріп, оны тілшілер казакшаға аударып беріп жататын – кейпі казак, тілі басқа дөкейлер алшан басып жүргенде, казак тілінің мәртебесі ешқашанда өспейді және оған бөгделер менсініп те карамайды. Біз алдымен өзіміздің биліктегілерді казакшалап алуымыз керек. Кез келген дәрежедегі шенеунік казакша сөйлей алмаса, оны биік лауазымға тағайындамау ләзім. Бұл үрдіс биліктің барлық сатысына қатысты нәрсе болып қалыптасуы шарт. Депутаттар да осындай талаптардан өтсін. Казак билігі барлық жиналыстарды казакша өткізсін. Барлық халықаралық кездесулерде де біздің тарап мемлекеттік тілді қолданса, біреу сырттан келіп «әй» дер ме екен...

Казак тілінің көсегесін көгертеміз десек, балабақшадан басталатын, мектеп бағдарламасындағы «үш тұғырлы тіл» деген ұстанымды алып тастап, аралас мектептердің көзін құрту керек. Баланың тілін бұзатын осы аралас мектеп. Аралас мектепте казакша сөйлеп, казакша оқитын бала үзіліске шыққанда орыс балаларға бәрібір орысша сөйлейді. Ал орыс баласы казакша сөйлеймін деп әрекет етпейді. Себебі ол Қазақстанда осы тілмен-ақ өмір сүреді, оқу оқиды, қызметке тұрады. Ал егер билік оларға деген талапты өзгертсе, қаз келген ұлт өкілі казакшаны екі-үш жылда-ақ үйренер еді. Баяғыда өзіміз әскерге барғанда бірауыз орысша білмеуші едік қой. Екі жылда оны әжептеуір меңгеріп, тіпті орысша әдеби кітаптарды да оқып, түсінетін дәрежеге жеткенбіз. Міне, сізге тілге деген қажеттілік.

Бұлай айтуым, әр казак баласы басқа тілде сөйлемесін, басқа тілді білмей-ақ қойсын дегенім емес. Әр бала өз ана тілінде таза сөйлеп, сөйлем құрылысын таза казакша құрап сөйлесін деген ниет бізде. Жастайынан орыспен араласып өскен бала, бәрібір, тілдік қорын орыс сөздерімен толтыратыны анық. Бұндайға аралас мектеп қатты әсер етеді. Одан соңғы ол араласатын орта да орасан ықпал жасайды. Сондай ықпал мен әсердің кесірінен ғой, орысы көп жер түгілі, бір бөтен ұлт тұрмайтын ауылдағы мектепте оқыған қыз-балалардың басым бөлігі күн аттарын өмірі казакша атамайтыны. «Бүгін қай күн?» деп қай казактың жас ұл-қызынан сұраңыз да, «вторник» немесе «суббота» дейді. Сейсенбі, сенбі демейді. Оның себебі не деңіз? Баяғы еліктеушілік. Сол оқушы күніге күнделігінде күн аттарын казакша жазса да, оны айтуға келгенде атауларды орысша айтады. Себебі оның санасына оқудан келетін білімнен гөрі сырттан естілген, құлағына құйылған сөздер тез жатталған. Өйткені күн аттарын ересек казактар да үнемі орысша айтады. Оны мұғалімдер де, қаламгерлер де, тіпті жазушылар да қайталайды. Оны естіген бала қайда барсын...

Маған бір орыс танысым айтады: «Сендерге, казактарда ручка, магазин, остановка, поворот, переезд, больница, проезд, очки, пиво, светофор, маршрутка, тағы сол сияқты сөздердің және күн аттарының казакшасы жоқ-ә. Өйткені осы сөздерді казакша айтқан бір де бір казакты көрмеймін ғой», – деп. Расында, осындай қарапайым ғана атауларды тілі шыққан баладан еңкейген кәрімізге дейін орысша айтамыз. Бағыттағы автобустар мен таксилердегі жол кіре жинайтын казактың жас балаларының әр аялдаманы таныстыратын хабарламасына құлақ салыңызшы. «Остановка Қонаеваға келдік. Келесі Байтұрсынова болады... Байтұрсыноваға келдік, технологическийге тоқтамаймыз. Одан кейін Таукехана болады... Асқарова бар ма түсетін, Жангелдина остановка бар ма?» деп ала-құла сөйлейтіндеріне етіміздің үйреніп кеткені соншалық, оған бір казак елең етпейді.

Бірде мен №34-ші бағыттағы бір автобуска отырдым. Автобус Громов пен Рашидов көшесінің түйісер тұсындағы пойыз жол көпірінің астымен өтіп, «Қазығұрт» шағынауданын бетке алды. Автобус ішінде адам онша көп емес. Жан-жағыма қарасам, жолаушылардың барлығы казак, бір де бір бөгде ұлт жоқ. Жол кіре жинаушы әйел де, шопыр да казак. Бірақ тиын жинаушы казак әйел аялдаманың аттарын орысша атап, «Сходящие есть?» деп артқа қарап-қарап қояды. Автобус салонының қабырғаларына көз салдым. Алдымен көзіме түскені шопыр артындағы әйнекке ілінген «Отвлекать водителя запрещено» деген жазу болды. Оның жанында «Аптечка находится у водителя» деген хабарлама жапсырылыпты. Есік үстінде «Осторожно, дверь закрывается», оның бер жағында «Место для стоящих», «Место для сидящих» деген жазулар ілініпті. Өлден уақытта әлгі тиын жинайтын әйел маған жақындап: «За проезд беріңіз», – деді «Мынау автобус казактыкі ме?» – дедім оған. «Өзіміздікі, – деді ол. – Автобус анау шопырдың жекеменшігі». «Онда, карағым-ау, аялдамалардың аттарын, өзіңнің айтатын сөздеріңді, одан соң мынау ілулі жазуларды неге казакшаламайсыңдар?» – деп едім, «Сіздің шаруаңыз қанша?!» – деп баж ете қалды. Реңі де, тұрпаты да келіспеген біреу екен пәтшағар. Казак намысы десе жанымды беруге даяр мен, оның әйел екендігіне карамай айқайлап бердім... Сол жазған Өзбекстандағы өзбектер ортасында немесе Балтық жағалауы елдерінде осылай сөйлеп көрсінші, заматта өмірге келгеніне пұшайман жеп кетер еді. Ал бізде...

Мемлекеттік тілдің алғышарты ешбір казакстандық бір күнде онсыз өмір сүре алмайтын, баладан бастап белі бүгілген жасамысқа дейінгі тұрғындардың қалтасында жүретін теңгеден көрінбегі ләзім. Сол теңгеміздің өзі екі тілде. Немене, екі жүз теңгенің екінші жағына двести тенге деп жазып қоймасақ, орыстар түсінбей қала ма. 1994 жылы теңгеміз алғаш шыққанда ақшаның атауы да, сан мөлшері де казакша шығып еді ғой. Сонда «мынаның қанша ақша екенін түсінбей жатырмын» деп бір орыс шулады ма.



Шулаған жоқ. Ендеше, кейін теңге бағамын неге және кім үшін екі тілде жазатын болдық? Базбіреулер оны төл теңгеміз деп мақтанғыш тұтады. Бірақ теңгенің сиқына қарасаң, кімнің төл теңгесі екенін білмейсің. Қазақтікі ме, әлде – қазақ-орыстікі ме?

Ілуде бір орыс қазақша сөйлесе, мәз боламыз. Ал орысша білмеген қазақты келеке етеміз. Кеңсе-кеңселерде отырып, бір қазақшасына үш орысша сөз қосып сөйлейтін қазақтың тәлпіш қыз-келіншектерін көргенде, басқаны қайдам, өз басым өмірден безердей хал кешемін. Банктердегі, ауруханалардағы қызметкер әйелдердің тоқсан проценті сондай! Бұл не деген намыссыздық?!

Былтыр облыстық деңгейде қызмет жасайтын бір дөкейдің тойына бардық. Тойға жиналған 300 адамның 299-ы қазақ. Кезінде премьер болған кісіге сөз берілді бір кезде. Әлгінде ғана улап-шулап отырған қазақтар жаңағы семіз сөйлегенде тым-тырыс бола қалды. Әрине, ол орысша сөйледі. Сөзінің аяғында той иесіне қарап, «Бақитти болиниз. Джуз жасаниз!» деп екі ауыз қазақша айтып еді, Құдай-ау, залда отырған 299 сорлы қаракөз мәз болып, ду күлісіп, ризалықпен ду қол шапалақтап жіберді. Тіпті сексеннен асып кеткен бір қазақ кемпір орнынан ұшып тұрып, әлгінің қолынан, бетінен сүйді. Өзін қор, өзгени зор санайтын бұл не деген қазаққа біткен құлдық психология! Қашан арыламыз мұндай жетесіздіктен?!

Мұндай жетесіздіктен біздің халықты бір-ақ нәрсе құтқарады. Ол үшін күндіз-түні қазақша ойлайтын, азаннан ертеңгі азанға дейін қазақша сөйлейтін билік керек. Сол билік қана шалақазақ- тар мен шалажансар қазақтардың, дүбәра қазақтар мен еліктегіш қазақтардың өн-бойындағы қасиетсіз мінезді жөнге салады. Халық ешуақытта өз бетінше топ болып, құрама болып, үлкен жаңалық аша алмайтыны сияқты, үлкен саясат та жасай алмайды. «Құм жиылып тас болмас» деген сөзді қазақ бекер айтпайды. Халықты ұлы өзгерістерге бастайтын, рухын биікке көтеретін бір тұлға керек қазаққа. Ұлы саясаттың бәрін бір халық емес, белгілі бір ұлы тұлғалар жасаған және жасайды да. «Халық көреген» десек те, сол халықтың мұңын мұндайтын, жоғын жоқтайтын көрегендер жеке-дара тұлғалар екені бесенеден белгілі. Өз халқының ұлттық рухын арттырып, өркениетке сүйреген ұлы тұлғалар көп. Бірақ олар өз мақсаттарына көпұлттылық пен көптілділікті, көпдінділікті насихаттап жеткен жоқ. Тек өз халқын алға тартып әрі оның сүйемелдеуімен ұшпаққа жеткен. Әр жаққа алаңдаушылық, әркімнің көңіліне қарап жалтақтаушылық елді тіптен басқа бағытқа алып кетеді.

Қысқасы, қазақ тілінің кең қолданысқа енбеуіне, сондай-ақ тіл арқылы қазақ ұлттының рухының оянбауына – бұл тұрғыда қазақ мүддесіне қарай қызмет көрсетпейтін, сонымен қатар қазақша сөйлемейтін билік кедергі болып отыр. Билік таза қазақша сөйлемей, ел ешқашан да қазақшаланбайды. Дәл қазіргі жағдаймен, яғни қазақ тілінің осы ахуалымен кете берсек, отыз жылдан кейін-ақ қазақ

тілін ешкім керек қылмайды. Ол жаһандану процесіне өзінен-өзі-ақ еніп кетеді.

3. ІШКІ ӨНІМДІ ШЫҒАРУ ТОҚЫРАП ТҮР

Біздің елдің басты назары экономика мен саудасаттыққа ауып кетті. Әрине, экономика тарапында да қол жеткізіп жатқан жетістіктеріміз шамалы. Ол – шикізатты шетке сатумен ғана өлшеніп тұр. Ішкі рынокта ұлттық өнім жоқтың қасы. Халық тұтынатын ірі тауарларды айтпағанда, ұсақ-түйек саналатын ине-жіп пен бәріміз онсыз жұмыс істей алмайтын – кәдімгі қаламсапты (ручка) да шет елдерден алдырамыз. Айтыңыздаршы, осы бізде еш болмаса шұлық (носки) шығаратын фабрика бар ма? Аяқ киім шығаратын өндіріс орны ше? Шенеуніктер мен депутаттар алдымен өзінің үстіне көз салсыншы. Шұлығынан бастап галстугіне дейінгі киімдерінің барлығы шетелдікі. Бір де бір киімі – туфли, көйлегі, костюм-шалбары, тіпті іш киімі де біздікі емес (біздің ел мұндай киімдерді шығарса киеді де). Сонда еш болмаса, осындай халықтың күнделікті тұрмысына қажетті ұсақ-түйек заттар мен киім шығаратын жеңіл өнеркәсіпті дамыта алмай отырып, «Біз дамыған елміз» деп олар қалай мақтанады? Мәселен, бізде иіс сабындардың қанша түрі шығады? Еркектер қырынатын заманға лайық жеңіл әрі ыңғайлы қырынғышты жасайтын кәсіпорын бар ма? Әйелдер мен мектеп оқушыларының сөмкелерін тігетін цехтар ше? Ой, ондайлардың қайсыбірін тізбектейміз. Бір анығы – Қазақстан халқы бұл күндері шет елдердің, әсіресе Қытай өндірісшілерінің тауарын тұтынатын жұртқа айналған.

Түркия мен Қытайдан, Қырғызстан мен басқа да елдерден саудагерлер толассыз әкеліп, Қазақстан базарларын толтырып тастағандықтан, киім мәселесі бойынша, оның ішінде «біздің ел неге осыларға ұқсап өз киімдерін тікпейді» деген сұрақ төңірегінде біз онша толғана бермейміз. Өйткені өткен жиырма үш жыл ішінде Қазақстан сыртқа тек шикізат пен ақша шығаратын, ал олардан тауар алып отыратын елге айналған. Біз осы жиырма үш жыл ішінде әлемдегі тауар өндіретін алпауыт елдермен сауда тұрғысында қоян-қолтық араласып кеткеніміз соншалық, бір де бір қазақстандық өз өнімдерімізді шығару жайында еш ойланбайтын халге жеттік. Ұлттық өнім туралы былай ойланбау – түбі жақсылыққа апармасы анық. Жоқ, жоғарыдан шенеуніктер бұл жайында андасанда мәселе көтеріп қояды. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын телеарналар мен газеттер бұл жайында көпірме хабарлар мен құлақтандырулар таратады. Бірақ қорытындысы, көзге көрінген нәтижесі болмайды. Моншаға киіп кіретін резеңке жеңіл аяқ киімге дейін қытай мен қырғыздікі болғасын, отандық өнім туралы не айтуға болады?

Құдай бетін аулақ қылсын, болашақта елдер арасында бірдене болып, бізге жоғарыдағы аталған елдерден киімдер мен тауарлар дер кезінде жетпей



қалса, не болмақпыз? 100 теңгелік шұлық 10 000 теңге, 20 мыңдық костюм 150 мың теңгеге бір-ақ секіретіні сөзсіз. Олардың арттарынан барлық тауар түрі 200-300 есе көтерілуі ғажап емес. Себебі олардың орнын алмастыра қоятын отандық өнім жоқ. Тіпті оларды дереу дайындай салатындай база да жоқ бізде.

Тауар өндірісі бойынша «қазақстандық бренд» деп мақтанатындай бірдеңе бар ма, осы? Жоқ әлде, мен қаламгер болсам да, ештеңені байыптамайтын, озықты байқамайтын, баяғы көзқараспен қалып кеткен адаммын ба, әйтеуір, қазақтың атын көкке көтерген бір жасампаз тауарды көрмеймін. Кеңес кезінде астық дайындаудан зор мақтанышқа бөленгенбіз. Бұл еңбек тұрғысындағы ақиқат. Шүкір, ата-бабаларымыз аманат етіп қалдырған ұлан-ғайыр жердің арқасында сондай мақтаныштан әлі де төмен түспейміз. Бұған мұнай, газ, уран, мыс, т.б. пайдалы қазбаларды тағы қосыңыз. Бірақ күніне бірнеше миллиондаған доллар пайда әкелетін осындай шикізаттардың табысы арқасында көзге көрінетін бір бренд жасай алмауымыз – не деген бойкүйездік. Айналып келіп, жаңа Астана салғанымызды мақтаныш ете береміз. Рас, бұл қаланы салу да үлкен ерлік, қисапсыз шығын. Дегенмен кезінде биліктің ең жоғары эшалонында қызмет еткен бір танысымның: «Қазіргі Қазақстанның табысымен бір Астананы емес, бес-алты Астананы салуға болады» деген сөзінің кейде жаны бар сияқты көрінеді маған.

Мейлі, ол Астананың жолы бөлек. Тауарлар туралы сөзімізді ары қарай жалғайық. Бұл ретте азық-түлік мәселесі ең өзекті тақырып. Байқап қарасақ, азық-түліктің бұрыннан өзіміз өндіретін – минералды сулар, нан өнімдері, конфет-шоколадтардың біраз түрлері болмаса, қалғандарының барлығы шет елдердің сертификатымен шығарылып жатыр. Тәтті сусындардың қай-қайсының болса да – түбірі біреудікі. Жүздеген атауларды иемденген арақ-шараптардың шығу тегі де бізден емес. Олардың ешқандай артықшылығы болмаса да, өзіміздің арағымыз қазір ең сапасыз, ең арзанқол ішімдікке айналған. Жоғарыдағы шылымқұмар шенеуніктер бүгінде «үшінші сортты» адамдар шегетін «Қазақстан», «Медеу» сияқты темекілерді қолдарына алуға намыстанып, түбірі шет елден, жасалуы бізден – «Кент», «Парламент», т.с.с. қымбат темекілерді тартады. Себебі «Қазақстан» мен «Медеуде» адам ағзасына зиянды ферменттер өте көп, аналарда аздау екен. Бірақ Қазақстанда жұмыс істеп жатқан шетелдік темекі фабрикаларының еншілес компанияларына біздің билік «Қазақстандық темекіні де дәл өздеріндікіндей етіп шығарып беріндер» деп айта алмайды және біздің бір де бір кәсіпкер отандық темекі өнімдерін заманға лайық етіп өзгертуді ойламайды. Өйткені бізде отандық өнімдерді арттыруға күш салатын патриот кәсіпкерлер жоқ. Бәрі қара басының қамын, пайдасын ойлайды. Бір ғана арақ-шарап пен темекі ғана емес, халық тұтынатын ұсақ-түйек тауарлардың барлығының

сапасы туралы осылай айтуға болады. Кәсіпкерлерге халық тек өзінің өнімдерін сатып алушы тобыр ғана. Елдің болашағы мен денсаулығын ешқайсысы ойламайтын сияқты.

Дәрігерлер мен диетологтар «Азаннан кешке дейін ауыр тамақтардан гөрі, жеміс-жидектерді көбірек пайдаланыңыздар» деп ақыл айтады. Бірақ «қандай жеміс-жидектер жеу керек» деген сұрақ басы ашық күйінде қалады. Қытай мен Иранның, Пәкістанның және Африка елдерінің газдалған алмалары мен банан-ананастарын жейміз бе? Ата-бабалары жемеген әрі өздерінің қанында жоқ ондай жемістер бүгінде қазаққа түгілі, өзге ұлттарға да таңсық, жей береді. Бірақ сондай жемістердің өн-бойы толған химия екенін баршамыз ойлай бермейміз. Дәрігерлер бұл жағын түсіндіруге құлықсыз. Олардың ойынша, жұрттың бәрі жергілікті жеміс-жидектерді пайдаланатын шығар. Бірақ жергілікті алмалардың жылдан-жылға азайып бара жатқанын, тіпті қазірдің өзінде олардың тым кеміп кеткенін кім ойлайды? Бала кезімізде болатын алманың «Семеринко», «Апорт», «Размария», «Белыйналив» сияқты түрлері бұл кезде көзден бұл-бұл ұшты. Міне, сол алмалар адам ағзасына нағыз пайдалы жемістер еді. Ілгеріде кәрі әжеміз: «Құрт түскен алманы жендер, сол пайдалы» дегеніне күлуші едік. Енді ойласақ, жарықтық дұрыс айтады екен. Қазіргі базардағы көздің жауын алатын қызылды-сарылы, үлкендігі жұдырықтай Иран мен Қытай алмаларына құрт түспейді, солмайды, шірімейді. Шіркін, құрт та біледі екен, ненің табиғи таза емес екенін. Құрт жемегенді біз жейміз. Сонда оның қай жері пайдалы? Бір айта кететін жайт, шетелден келетін сондай алмалар өз жерінде, өз сабағында тұрғанда пайдалы жемістер. Тек оны үзіп алып, бізге жөнелткенде арнайы орынға кіргізіп, өлгенше газдайды. Бұзылмас, шірімес үшін. Егер бізде кеңес өкіметі кезіндегідей ауылшаруашылығы мықты болса (оны өркендетуге 100 процент мүмкіндігіміз бар), «өзгенің қаңсығына таңсық» болмай, өз алмаларымызды жаңартуға әбден-ақ болар еді. Алайда ауыл шаруашылығын дамыту жолында біздің шенеуніктер ауыздары құрғағанша сөйлейді, керемет жоспарлар жасайды. Бірақ нәтиже жоқ, оған аударылған миллиардтаған қаржылар желге ұшады. Тап бүгінде баяғы Кеңес кезінде бір колхоздың еккен жеміс-жидегін әлдебір аудандағы саны бір-екі мыңнан асып кететін шаруа қожалықтары егіп, өсіре алмай отыр.

Бір алма емес, жемістің барлық түрі бұзылып барады. Өзбекстан мен Тәжікстаннан келетін өрікқак пен мейіздердің де құрамы толған химия. Помидордың баяғы сорты бұзылғалы қашан. Сырты қатты, еті қалың, суы аз. Бала күндерімізде әкелеріміз егетін қияр мен қазіргі қиярдың айырмашылығы жер мен көктей. Қауындар бұрынғыдай тәтті емес. Басқасы аздай, биыл оған да қатерлі құрт түсе бастапты. Қыс бойы жылыжайларда өндірілетін жеміс-жидектерде қандай қуат болсын? Құданың күдіреті, бұрындары



тамыздың аяғы мен қыркүйектің басында пісетін жүгері біраз жыл болды, мамыр айының басында-ақ базарларда сатылып жатыр. Жесең дәмі жоқ. Құдайдың қалауымен өз мезгілімен болатын нәрсені қолдан жасап, ерте болдырудың түбі неге апарып соғатынын ешкім ойламайды. Айналайын жұртымау, осының бәрі адам денсаулығына қаншалықты кері әсерін тигізіп жатқанын бір сәт ойландаршы.

Жарайды, мұндай құбылыс бүкіл әлемді жайлаған делік. Десек те, өз қолымызда өсетін жеміс-жидек пен азық-түлік арасынан бір қазақтық брендті өзгеге таныта алмай жүргеніміз және де оның жасай алмағандығымыз – тым сөлекет. Ата-бабаларымыз атам заманнан көкпар шауып жүрсе де, қырғыздар оны «біздің ұлттық ойынымыз» деп өздеріне иеленіп алғаны сияқты, қымыз бен қымыранға – еврейлер, қамырға – немістер ие боп шыға келіпті. Яғни, әлгілерді өздерінің ұлттық тағамдары ретінде лицензия алып қойыпты. Оу, қай заманнан бері еврей бие сауып, қымыз ішіп еді, болмаса немістер қамыр жайып, ет асып жеп еді? Бұлар менің ата-бабамның асы емес пе? Бұл қандай жайбасарлық? Қайда біздің елдің намысын ойлайтын шенеуніктер?! «Жас Алаштың» қай нөмірі екені есімде жоқ, оның үстіне есімі де жадымда қалмаған бір жігіт «Қазақтың асы ретінде бір-ақ бренд қалды. Ол – құрт. Осыған «қазақ бренді» деген атауды әперейін деп, жеті-сегіз жылдан бері шапқылап жүрсем де, ауылшаруашылығы министрлігі қолдау көрсетпей жүр» деп жазғаны барды. Осылай жүре берсек, құрттан да айырыламыз. Бір күні оны өзбектер иеленіп алмаса деңіз.

Азық-түлік мәселесін сөз еткенде, мал шаруашылығын да тілге оралтпай кете алмаймыз. Қазақстанның алғашқы премьерлерінің бірі: «Қазақстанда малды көбейтіп, бордақыландырудың қажеті аз. Етті шет елдерден сатып алатын жағдайымыз бар» деп оттағаны бар еді. Үкімет басшысы сөйтіп айтып тұрғанда басқалар не істемесін. Құдай салмасын, бір кездері елдің өрісі мен жайлауларын лықа толтырып тұрған малдардың қайда кеткені белгісіз, аз жылда жоқ болды. Асыл тұқымды қошқарлар, жүнді көп беретін меринос қойлар, текті жылқылар мен сүтті сиырлар құрдымға кетті. Жә, қойшы, мұнша малдың қайда кеткенін талқылау – міндетіміз емес. Ең өкініштісі – колда барды ұстап тұра алмау болды. Енді келіп, біздің билік шет елдерден әрқайсысы 7-8 мың доллар тұратын сүтті сиырларды сатып алуға кірісіп жатыр. Жоқ, бірнеше жүзін сатып та алды. Бірақ бағым-күтімі жас нәрестеден де жаман әрі өте қымбат азық пен жем-шөпті қалайтын ондай сиырлардың бізде болашағы бар ма? Қазақстан халқын сүтпен де, етпен де өз малдары-ақ асырай алады ғой. Шет елдерден сонша қымбатқа алынған сиырларды семіртіп баққанша, қанша шығын кетеді. Олардың еттерін экспорттауды ойлайды тағы біздің өкімет. Қазақ елі алғашқы жылдары өз малынан қалай айырылса, оны бағатын бақташылардан да солай айырылды. Оған арнайы мамандарды даярлау

мүлде ұмытылды. Осындай келеңсіздік тұрғанда шет елдерден әкелінген әлгіндей әздек малдарды кім бақпақшы сонда?..

Өмір бойы ауыл шаруашылығы мекемесінде істеген бір қарт танысым: «Әр сиырды 7-8 мың доллардан сатып алып, не істемекші бұлар? Әй, одан да өзіміздің қазақы ақбас сиырлар мен Әулиеаталық тұқымды қайта өсіруді неге қолға алмайды, ақылды болса. Білесің бе, мұның астарында ақша жеу саясаты жатыр», – деп күйінгені бар-ды. Қарт маманның сөзінде ақиқат бар. Жемқорлық қай салада жоқ қазір. Малдың жайын білмейтін жас басшы «болашақ керемет болады» деп ойласа ойлайтын шығар, бірақ сол болашақтың іргесі шетел тауарлары мен малдарының негізінде қаланбайтыны шындық. Біздің қоғамның тірлігі бұрынғы берік те қалың, үлкен үйді бұзып, орнына қабырғасы жіңішке, іргетасы ойнамалы, бірақ та сырт көрінісі тамаша зәулім үйді қалап шыққан әсершіл ұстаның қылығын еске салады кейде. Өкімет те ақымақ емес, берік үйдің орнына одан да берік үй салғысы келеді. Оған қажетті мөлшерде ақша да бөледі. Алайда жол-жолда ақшаның бір бөлігін қалталарына тыққыш «ұсталар» көп. Осының кесірінен берік үй осал күйде тұрғызылады. Өзіміздің жергілікті малдарды көбейтуді қолға алса, оған ақша аз мөлшерде бөлінеді. Одан да бір-бірін алдап, жаңағыдай тәсілмен «керемет болашаққа» жұмыс істесе, біріншіден, тиісті адамдардың қалталары кампаяды, екіншіден, халықты алдау оңай. Үшіншіден, тынбай жұмыс істеп жатқан сияқты көрінеді.

Үкімет азық-түлік бағдарламасын жылда жасайды. Оның тапшылығы туралы бір ауыз сөз болмайды. Расында, бұл заттарға тапшылық жоқ. Бір эттең-айы, азық-түлік бағасын ретке еш келтіре алмайды. Түсінген адам нарық заңы солай десе де, мұндай құбылыстардың астарының бәрінде жемқорлық жатыр. Мысалы, базарлардың қызмет бағасы өспесе, азық-түлік бағасы да онша өсе қоймайды. Ал базар иелері өз қызметтерін неге өсіреді? Оған ең бірінші әсер ететін қатынас құралдарын жүргізетін жанар-жағар майдың қымбаттауы. Үкімет өзімізден шығып суша ағып жатқан мұнайдан өндірілетін жанар-жағар майдың бағасын әлі күнге дейін тұрақты ете алмай-ақ қойды. Ол қымбаттай бастағаннан күнде жиындар жасап, оның бағасын өсірмеуге әрекет жасағансиды. Бірнеше күннен соң «Болды, жанар-жағар май бағасы тұрақтанды. Ол бұдан соң қымбаттамайды» деп жаһанға жар салады. Қайдан? Арада екі-үш ай өтпей жатып-ақ, бензин бағасы тағы өседі. Бұл жолы үкіметтегілер басқа уәж айта бастайды: «Қайтеміз, әлемдік нарықта мұнай бағасы өсіп кетті. Осыған байланысты мұндай қадамға баруға мәжбүр болып отырмыз», – деп.

Мұндай уәж халықты уақытша алдау ғана. Әлемдік мұнай бағасының біздің ішкі нарығымызға онша әсері жоқ. Бұл кедендік одаққа кіріп, бірте-бірте соның заңына байланудың алғашқы қадамы. Яғни, біздегі күнделікті тұрмысқа қажетті заттар мен



тауарлар бағасын Ресей мен Белорустағы бағамен бірдей ету. Себебі бізде олармен бәсекелес болатын ауыр және жеңіл өнеркәсіптер жоқ. Сондықтан да болашақта біз Ресей тауарларын Ресейдің баға өлшемі бойынша сатып алатын боламыз. Одан соң біздегі бар жанар-жағар май өндіретін орындардың барлығы мемлекет қарауында емес, жеке компаниялардың қолында. Сондай жеке компанияның басында кімдер отыр? Өкіметтегі адамдармен еш байланыс-қатынасы жоқ кәсіпкерлер ме, жоқ әлде, олармен қоян-қолтық араласып кеткен адамдар ма? Ол жағын өзіңіз түсінерсіз, бір анығы-біздегі бензин бағасы өкімет адамдарының рұқсатынсыз, араласуынсыз ешқашан да өспейді. Әйтпесе өз қарауында, өз заңының аясында еңбектенетін кәсіпкерлерге неге тосқауыл қоя алмайды? Әсіресе, егін себу мен оны ору сияқты маусымдық кезеңдерде сол жанар-жағар майдың бағасы неге бірден көтерілетініне бірнеше жылдан бері көз жұма қарап келе жатқан үкіметтің тірлігін қалай түсінесіз? Халық үшін еңбек ететін шенеуніктер осындай келеңсіздікке жол бере ме? «Шаруаң егінің қалай ексе, солай ексін. Дәл осы кезеңде артық ақша тауып, қарпып қалайын» деген пиғыл жатыр ғой мұнда. Сондай пиғыл кімдікі? Жауап беретін адам бар ма осыған?..

Ауыл шаруашылығының аса зардап шегетіні де осыдан. Оның зардабы бір ауыл шаруашылығына емес, тіршіліктің барлық қозғалысына әсер етеді. Бензин бағасын ішкі рынокқа бір қалыпты ұстап тұруға біздің үкіметтің толық шамасы жетеді. Өкінішке орай, үкімет ішкі жағдайлардың барлығына әлемдік көзқараспен, әлемдік салыстырмалы баланспен қарайды. Жер бетінде адамдар көбейген сайын оған қажетті заттардың барлығының бағасы бір орнында тұрмай, өсе беретіні заңды. Оған қандай қоғам болса да, қарсы тұра алмайтыны тағы ақиқат. Бірақ жер шарындағы елдердің бәрі өз халқын өз беттерінше, өзі ұстанған жоспар-бағыт бойынша асырайды. Дамыған елдер мен дамуға бет алған мемлекеттердің өмір сүру дағдысын, тіршілігін еш салыстыруға келмейді. Өркениеттің биік шыңына шыққан елдердің өзі кезінде әртүрлі баспалдақты кезеңдерден өткен. Сондай кезеңдерден өте отырып, өздерінің ұлттық немесе елдік болмыстарын, келбетін, тіршіліктеріне қажетті тауар-заттарын қалыптастырып, іргетасын бекіткен. Олардың бір де бірі аз жылда осыншама дамып, гүлденіп кеттік деп айтпаған. «Ерте мақтанған – ерте солады» дейді қазақ. Елдің іргетасы қалануы үшін халықтың қажеттілігін бір қалыпты ұстау керек және рухани күшін арттыру қажет алдымен. Рухани күш жайында соңырақ айтамыз, қажеттілік пен елдегі ахуал жайындағы пікірімізді әзірше ары жалғай берейік.

Қазір техника заманы. Техниканы қозғалысқа келтіріп отырған жанар-жағар майдың бағасы өссе, артынан барлық қызмет түрлері, тауар-зат бағалары өзінен-өзі өседі. Оны талдап айтудың да қажеті жоқ. Бірақ біздің қоғамға не нәрсе болса да сылтау. Су,

жарық бағалары неге жыл сайын өседі? Ол да әлгі біз айтқан жанар-жағар майға байланысты. Азық-түлік пен базар қызметінің өсуі де осыған байланған. Алайда бұған жауапты, болмаса осы істің басында тұрған шенеуніктер бағаның өсуін бір ғана жанар-жағар майға әкеп тіреп қоймайды. Электрикертер: «Ойбай, трансформаторлар мен электр бағаналары (столбы), сымдары әбден ескірген. Соларды жаңалау керек. Сол үшін де жарық бағасын көтермесек болмайды». 1992 жылдан бері осылайша байбалам салып, электр бағасын жылдан-жылға қымбаттатып жатса да, еш жерден жаңаланған бағаналарды, трансформаторларды көрмейсің. Оларды жаңалау керек болса, көше, ауыл тұрғындары қалталарынан ақша жинап, істетіп жатады. Қазір Қазақстандағы елді-мекендердің қайсысына барсаңыз да, Кеңес өкіметі кезіндегі бағаналар мен сымдар тұр. Сонда жарық бағасы неге үнемі өсіп келеді?..

Су мәселесі де осының кебін құшқан. «Құбырлар ескіріпті, оларды жаңалауға қосымша ақша керек!» Бір қаланы, мысалы, Шымкентті алып көрейікші. Суды пайдаланған тұрғындардан айына қанша миллион ақша жиналады? Есебі жоқ. Ол үшін халыққа ешкім де есеп бермейді. Бір су маманының айтуынша, «Водоканал» тұрғындардан бір жылда өз қызметі үшін жинап алатын ақшасына (қызметкерлерінің жалақысынан қалған сомаға) бүкіл қаланың болмаса да, жартысынан астамының құбырын ауыстырып шығуға болады екен. Бұл барлық қалаға қатысты нәрсе. Жер-жердегі мемлекеттігі болсын, жекеменшігі болсын, электр және су қожайындарының неге шеттерінен бай? Ал жұмысшыларының айлығы шайлығына жетпейді...

Электр мен суға қатысты жабдықтардың да басым көпшілігі шет елдерден әкелінеді. Есеп-тегіш құралдар (счётчик), пен сымдар, түрлі бағаналар көбіне Ресей мен Қытайдан тасылады. Құбырлар, крандар, унитаздар, раковиналар, моншаға лайықталған суағытқыштары да сондай. Қарап тұрсаң, Ресей мен Қытай тауарлары өздерінде емес, біздің елде бәсекелестікке түсіп жатыр. Кеңес өкіметінен қалған алып зауыттар мен фабрикалардан, орта деңгейдегі кәсіпорындардан қырқылып, вагон-вагондарға артылып, шетел асқан миллиондаған тонна кара темірлер, мыстар, алюминийлер қай елге кетті? Оған қоса жер-жерде шашылып жатқан, «темір жинағыш» кәсіпкерлерге өткізілген, күніне пәлен тонна боп үйілген темірлер қайда кетуде? Сол темір-металдарды өзіміз жинап, елімізге керекті ұсақ-түйек құралдарды шығаратын кәсіпорындарды неге ашпаймыз? Анау «Қазақмыс» айына пәлен тонна қылып өндіріп жатқан мыс – Қазақстанның қай өндірісі үшін өндіріліп жатыр? Мыстан басқа пайдалы қазбалардың қайсысы қазақтың игілігіне жарауда, болмаса қазақ атын шығаратын қай тауарға арқау болуда? Бәрі кетіп жатыр, ал олар шет елдерде қорытылып, басқа зат түрінде жасалынып, өзімізге қайта келу үстінде. Иә, дайын кара темірден, басқасын айтпағанда, еш болмаса суағытқыш (кран) жасауға болады ғой. Жок,



біз жер астындағы байлықты таратушы ғана емеспіз, үстіндегі игіліктерді де шашып, болмашы тиынға сататын елміз. Шіркін, Кеңес өкіметі, уақытында «бір кезде осыларды пысық жылпостар кәделеріне жаратып, жеке бастары байитын болады» деп, аямай-ақ темір өндірісі мен зауыт, фабрикаларды әбден көбейтіп салған екенсің-ау, ә? Болашақ ұрпақ: «Аталар-ау, кезінде өзіміздікі делінетін бірдене жасамапсыздар ғой. Темір, ағаш өнімдері, құрылыс материалдары, т.с.с. заттарды біз енді жасайық десек, темір мен металл таппай жүрміз» десе, не айтамыз?!

Базарларымыз бен дүкендерімізде қай елдің киімі, ауқаты жоқ деніз, бүкіл әлемнің сапалысы да, сапасызы да бізде. Солардың арасында май-судан, наннан бөлек «Қазақстанның өз тауары» делінетін біреуі бар ма? Құрылыс дүкенінде екі адам айтысып тұр дейді: «Ой, мына затың Ресейдікі емес, Қытайдікі екен ғой, неге алдап сатасың?» – депті сатып алушы. Сөйтсе сатушы: «Қазақстанда шығарылмағасын, саған бәрібір емес пе. Ала берсейші. Қытайінікі не, Ресейінікі не, екеуінікі де импорт қой», – депті. Сол айтпақшы, импортпен дамып отырған елміз.

Елбасы осы бағытта орта және шағын бизнесті өркендетуді қолға алды. Алайда елде Кеңес кезіндегідей барлық ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмысы мен қадамын бақылайтын қатаң тәртіп жоқ. Орта және шағын бизнесті алып жүргендерінің басым бөлігі алып-сатарлықпен айналысып кетті. Бір бөлігі ет, май, нан өнімдерін шығарудан артыққа бармайды және өндірген өнімдері белгілі бір өңірден аспайды. Яғни, олардың ісінің бәрі ескіні қайталау, жалғастыру болып табылады. Өнімнің жаңа түрін өндіруді қолға алмайды. Одан соң бізде кәсіпкерлердің жұмысына кедергі, тексеру көп. Үлкен істі атқару үшін мол кредит алуға шамалары келмейді. Банктер бақылаусыз, тек өз бастарының қамын ойлап кеткен. Несие қайтарымының проценті өте жоғары. Оған кім тәуекел ете берсін?

Үйді ипотекамен алу да үлкен тәуекелділік. Бағасы тым қымбат. Біздегі ипотекалық үйлердің бағалары Еуропадағы үлкен қалалардың пәтер бағаларымен бірдей. Бір айлықпен (егер айлық табатын адам болса) ондай үйге қол жеткізу арман. Үкімет жылда айлық пен зейнетақыны көтереді. Одан еш пайда жоқ. Айлық көтеріледі деген мәлімет өкімет тарапынан айлық көтерілуден бір жыл, яки алты ай бұрын хабарланады. Ал ертесіне-ақ әлгі қосылған айлық пен зейнетақы қолға тимей жатып, делдалдар мен өнім өндірушілер тауар бағаларын бірден көтереді. Өкіметтік бақылау, реттеу жайында қалады. Демек, мұндай құбылысқа жоғарыда отырған біреулер өте мүдделі деген сөз.

Жаңадан дамуға бет алған Қазақстанда Ғылым Академиясы (ол тек қоғамдық негізде ғана), құрылыс министрлігі жоқ. Елдің дамуын оның келбеті де көрсетеді. Ал елдің келбеті тікелей құрылысқа байланысты. Қазақстанда адам таңқаларлық құрылыстар көп жүруде. Үйлер, жаңа

мекемелер, жолдар салу тұрғысында айтам. Енді осы құрылыстарды кімдер жүргізеді? Түріктер мен арабтар, жапондар оларды бізге тегін салып беріп жатыр ма? Еліміздің құрылыс компаниялары ше?

Бұлардың барлығы құрылыс жұмыстарын тендер арқылы жүргізеді. Түсінген кісіге бұ күнде тендер деген – ақша жеудің ең таптырмас амалына айналды. Тендерге қатысқан, оны алған талай құрылыс компанияларының басшыларынан есітіп те жүрміз, көріп те жүрміз, жоғары жақтағыларға, яғни тендер комиссиясы басында отырғандарға үлес-ақша бермесе, ешкім оны ұтып ала алмайды. Ал комиссия басында оңай адамдар отырмасы хақ. Олар құрылыс тендерін ұтқызып беретін компаниялардан 1-2 миллион теңге алып қоймайды. Жалпы соманың 15-20 процентін алады. Түсіндіріп айтсақ, бір нысанның құрылысы мен жұмысына 200 миллион теңге кетеді делініп смета жасалса, осы ақшаның 30 миллиондай теңгесін әлгі тендер басында отырған адам компания есебіндегі қаражаттан көмектескен қызметі үшін алады. Бұл жазылмаған заң, орындалуы шарт, көзге керінбейтін қатаң да қалыптасқан жағдай. Оны бермеген компания тізімнен алынып тасталынады. Есепке тіпті кірмейді. Құрылыс жүргізуге 100 процент мүмкіндігі, күш-әуелеті жетіп тұрса да. Ал үлкен аурухана немесе мектеп салу үшін тендерден ұтқан ақшаға құрылысшы кәсіпкер алдымен өз жағдайын жасауға талпынады. Жұртқа зор адам болып көрінгісі келіп, қымбат «Джип», болмаса екі-үш қабатты үй салып алады. Сөйтеді де, өзін «бизнесмен» атайды. Ол жазған әлемде бизнесмен деп – өз еңбегімен, өзі өндірген тауарымен байыған, тірлігін дөңгелеткен адамды атайтынын тіпті білмесе керек. Ендеше, үкіметтен жұмысқа ақша алып, оның жартысын қалтасына жымқырған алаяқ – қалай бизнесмен аталмақ? Ондай алаяқтар өзінен артылған ақшаға құрылысын бастайды. Осындай жолмен біткен құрылыс нысанының сапасы жайында өзіңіз-ақ ойлай беріңіз. Сонда алдамшы тірліктердің бастауында кім тұр? Түсінген шығарсыз, тағы да билік өкілдері емес пе?

Мұндай үрдіс ірілі-ұсақты құрылыс жұмыстарының бәріне қатысты. Сондай-ақ үкімет басқа мақсатта тендер жариялайтын істер де осындай тәртіппен жүргізіледі. Үкіметтің мүшесі, әкім, депутат болу қандай рахат! Себебі мұндайдан олардың ешқайсысы шет қалмайды. Сондықтан да бізде депутаттыққа бір рет сайланған адам, одан еш айырылғысы, әкім болған кісі биік тұғырдан еш түскісі келмейді. Халыққа жаны ашып жұмыс істеу үшін бе? Жоқ, көлденең ақша табатын тақты тастағысы келмегендіктен. Қазақстан дамыған 50 елдің қатарынан кіргісі келсе, әрбір шенеуніктен табыс декларациясын талап ету керек. Ой, айтпақшы, мұндай талап кезінде болған. Сөйтсек, «бәрі таза еңбекпен күн көреді екен». Әр шенеуніктің айлығы 5 мың доллар болғанның өзінде ешқайсысы 80-90 мың долларлық машина алып, құны 1 миллион доллардан асатын үй сала алмайды. Бұған әр ұл-



қыздарының астындағы 70-80 мың доллар тұратын машиналары мен салтанатты сарайға ұқсас үйлерін және қосыңыз. Бұған тағы әр шенеунік отбасының күнделікті тамағы мен шет елдерге барып демалуына, емделуіне кететін шығынды қосыңыз. Кейбіреулері қарапайым қазақ бір жылда тауып, үйін асырайтын қаржыға тең ақшаны бір-ақ сағатта жұмсай салады. Осының барлығы қайдан келіп жатыр?..

Біздің өкіметтік жүйе, жүдә, қызық. Қазынаға халық, өндіріс, мекеме салығынан миллиардтаған теңге жинайды. Осының есебінен әлгіндей тендерлерге ақша бөліп, оның біршама бөлігін жаңағыдай әдіспен қалталарына басады. Тіпті үкімет адамдары мұндайдан аулақ, таза еңбекқор дегеннің өзінде, осындай қитұрқылықтарға қалайша жол беріп, көз жұма қарайды? Онда олар өздерінен төменгілердің не істеп, қойып жатқандығынан хабарсыз болғаны да.

Облыс, аудан әкімдері креслосы, сондай-ақ әр түрлі деңгейдегі мекеме, басқарма бастықтарының орынтағы сагулы, әр қайсының өз «ставкалары» бар деген әңгіме шыққанына қанша жыл. Егемен Қазақстан қашаннан бері өмір сүріп келе жатса, бұл әңгіменің де жүріп жатқанына сонша уақыт. Әкім болуға өресі мен білімі, парасаты мен ақылы жетпейді дегендердің – әкім, жұмыс тәжірибесімен емес, тамыр-танысы мен ақшасының арқасында бастық бола салатындардың көбейіп кеткендігі – сол әңгіменің растығынан шығар. Үлкен орынтаққа ақшамен жеткен адам халық үшін ешуақытта жанын сала еңбек етпейді. Себебі түсінікті, кеткен ақшасының орнын толтыру керек. Мұндай мақсаттағы адам халықты не қылсын?

Біздің ата заң бойынша бір де бір мемлекеттік қызметкер бизнеспен шұғылданбайды. Олар таза еңбекпен, халық үшін атқарылатын жұмыспен шұғылдануы керек. Расында, шенеуніктердің жұмысы солай көрінеді. Бірақ әр шенеуніктің артында көпшіліктің көзі ар жағын көре бермейтін тұтулы перде бар. Ал перденің арғы жағын көруге шамаңыз келсе, байқар едіңіз, олардың артында қандай құпия нәрселердің тығулы тұрғанын. Астанадағы үлкен қызметкерлердің облыс-облыстарда қаншама жеке жылжымайтын мүліктері бар деңіз. Облыс көлеміндегі бастықтардың ше? Ірі-ірі сауда орталықтары, базарлар, қонақ-үйлер, супермаркеттер кімдердікі? Тек қана жеке кәсіппен айналысатын қарапайым жеке кәсіпкердікі ме? Жоқ, ондай орасан пайда табатын сауда орталықтарының ешқайсысы таза кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардікі емес. Болғанның өзінде, оның артында табысын бөлісіп отыратын дөкей бар. Дөкейлердің бастары ақша табуға келгенде қатты істейді. Әлгіндей нүктелерді туыстарының бірінің атына жаздырып қояды да, оған жоғарыдан қамқоршы әрі тіреуші болып отырады.

Сондай дөкейлер тек алыпсатарлықпен шұғылданатын сауда орталықтарына еге болып отыра бергенше олардың орнына өнім, тауар, киім шығаратын шағын кәсіпорындарды неге салдырмайды? Құдай-ау, тек алыпсатарлықпен айналысып, ұлттық өнім

мен тауар өндіруді еш ойламайтын мемлекет қайда, қандай бағытқа бет алып бара жатыр?

Осы мақаланы Қытайдың қаламымен (ручкасымен), Ресейден әкелінген қағазға жазып отырмын. Қағаз мейлі, бізде өндіруге мүмкіндік жоқ шығар. Қаламды өзімізде жасай алмау – не сұмдық! Менің байлығым жоқ, тасып жатқан ақылым да шамалы. Бірақ мен киіп жүрген киімім де, мінетін көлігім де, қолданатын заттарым да – барлығы бөтен елдікі екендігіне ұялам. Жалаңаш жүрмеймін ғой енді. Бірақ келешек ұрпақ жалаңаш қалмаса екен деп қорқам.

4. ҚАЗАҚТЫҢ БҰЗЫЛҒАН МӘДЕНИЕТІ МЕН ТӨМЕНДЕГЕН РУХЫН КІМ ЖӨНГЕ САЛАДЫ?

Қазақ елі алғаш егемендік алғанда өкіметтің баса назар аударатын мәселесі – ұлттық рух пен мәдениетті қалыптастыруға күш салу еді. Алайда бұл екі нәрсе экономикалық бағыт-бағдарлардың көлеңкесінде қалып қойды. Экономиканың қай саласын алсаңыз да, ол әлемдік қарым-қатынастарға байлаулы. Әлемдік қарым-қатынасқа өз ұлттық рухынсыз, өнімінсіз, мәдениетінсіз араласып кеткен ел, пайда табу мен сауда-саттық айналасынан шыға алмай, халықтың ішкі рухани құндылықтарына көңіл бөле бермейді. Ал ондай ел әлемдегі көптеген мемлекеттерде қауіп төндіріп тұрған жаһандану процесіне оп-оңай-ақ ілініп кетеді. Бұл ойдың бір пұшпағын жоғарыда айтып өттік те. Жаһандану дегеннің өзі не деңіз?

Мұны кейбір ғалымдар тек технологиялық тұрғыдан ғана түсіндіреді. Яғни, бүкіл жер шарының халқы бірдей дәрежеде, бірдей тұрмыста, жаңа заманға лайық технологияны игерген заманауи қалыпта өмір сүретін шақты «әлемдік жаһандану» дейді. Мұндай пікір бір жақты көзқарас. Өйткені қазір әлем халқы тұрмыстық технология бойынша теңесе бастады десек те болады. Анықтап айтқанда, күнделікті тұрмысқа қажетті озық технологиялар түрлері әлемнің барлық елдеріне тарап үлгерді. Десек те, оны толық игере алмай жатқан қаншама елдер бар. Мәселен, Африка мен Азияның көптеген елдері мұндай жетістіктерге әлі қол жеткізе алмай отыр. «Дамып отырмыз» деген Қазақстанның өзінде халық әлі түгелімен озық технологиялармен қамтылған жоқ. Қымбаттарын қоя тұралық, орта бағадағы мұздатқыштар, теледидарлар, компьютерлер, шаңсорғыштар, т.б. сияқты техникалық заттардың өзі қазақстандықтардың екінің бірінің үйінде жоқ. Көбісінде төмен бағадағы заттар. Дегенмен олар бар үйде бар. Осыған байланысты тұрмыстық технология бойынша әлем елдерімен бірге жаһанданудың алғашқы табалдырығын аттадық деген сөз. Оның үстіне ондай заттардың барлығы шет елдердікі болғасын, технология тұрғысында ешбір елдермен жабық шекарамыз жоқ. Мұндай еркін сауда айналымы ең бірінші болып халықтың (қазақтың) елдік қалпын бұзып, санасын улайды, рухын төмендетеді. Тарқатып айтсам, «ақшаң болса, дайын дүниенің



бәрін сатып алуға болады. Оларды өзімізде шығарып не керек» деген пиғыл әр қазаққа ұялаған да, өзіне керекті нәрсені алу үшін, тек көлденең ақша табуды ойлайды. Ақша табу – біздің елде тек сауда-саттықпен айналысудан келеді. Күрделілерін сөз етпей-ақ қоялық, жаңағындай тұрмыстық технологиялардың ұсақ-түйегін өзіміз ойлап тауып, бас қатырғанша, сауда істеп, шетелдің дайын өнімін сатып ала салған оңай. Осындай пікір қазір әр қазақстандықтың бойында бары жасырын емес. Жаңа технология жасап, оны халыққа сатып, елдің, қазақтың атын шығарып байығаннан гөрі, жаңағындай тәсілмен дүние жиған жақсы. Осыдан келіп, өзіндік ұлттық тауары жоқ елдің қалпы бұзылмағанда қайтсін. Елдің қалпы бұзылған соң оның рухы мен мәдениеті туралы айтудың да реті жоқ. Осының кесірінен біздің санамыз шетелдік мәдениеттермен бұрынғыдан да бетер улана түсуде.

Бұл үрдіс әлемдік жаһандануға апаратын берден-бір жол. Жаһанданудың ақиқаты мен басты мақсаты – әлем халықтарын технологиялық тұрғыдан теңестіру ғана емес, бір тіл мен бір мәдениетке шоғырландыру. Ол кезде дамыған елдердің ғана тілдері сақталып қалу мүмкін. Бірақ ортақ тіл ағылшын тілі болып қалары хақ. Әлемде қандай тіл үстемдік құрса, басқалардың мәдениеті де, халықтық рухы да сол тілге қарап бой түзейді. Мұндайда қазақ сияқты саны аз халықтардың тілі мен мәдениеті қолданыстан шығып қалуы әбден мүмкін. Шықпаған күннің өзінде ауыл-ауылдардың қыр-жотасынан аспайтын өлі тілге айналуы ықтимал.

Озық технология да ұлттық мәдениеттің бір түріне жатады? Оған қол жеткізе алмаған елдер жаһанданудың құрбаны. Бізде заман талабына сай мәдениетті техникалық құралдар шығарамын деп талпынушылар көп. Бірақ оларға мемлекет тарапынан қолдау жоқ. Шенеуніктерінің барлығы бір-бірінен қалыспай, көлденең дүние жинайтын елде ондайға қайдан жол берілсін. Қазақстанда, естеріңізде болса, Сейілбек Қышқашұлы деген азамат болды. Өзімізге лайық, лайық болғанда да, озық елдердің технологияларынан бір мысқал қалыспайтын, сонымен қатар іске асуы арзанға түсетін қаншама өндірістік жаңалықтардың жобасын жасап, оларды өмірге енгізуге бар ғұмырын сарп етті. Бармаған жері, кірмеген есігі қалмады. Алайда ешкімнен қолдау таппай өмірден өтті. (Сірә, марқұмның ажалына ішкі күйініші де әсер етті-ау). Осы Қышқашұлы тәрізді қаншама өнертапқыштар бар арамызда. Тек біздің бишікеш билік оларға тұсау. Биліктегілер мен біздегі әбден байыған кәсіпкерлерге қазақ өнертапқыштарына қолдау көрсеткеннен гөрі, тойлары мен жиындарына Ресей мен Өзбекстанның әздек әншілерін шақырып, мың-мыңдап доллар төлегендері пайдалы сияқты.

Біздегі қай бастықты алмаңыз, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы. Жоғары оқу орындарының ректорларының бәрі – академиктер. Көбісі тарих, әдебиет, философия ғылымдарының емес, экономика, техникағылымдарының. Бұғандәлосындай тұрпаттағы

қаптаған басқа «академиктерді» тағы қосыңыз. Соған қарамастан, ішкі нарыққа байланысты өскен экономика, дамып жатқан техника жоқ. Оқымыстылар сансыз, бірақ ғылым жоқ. Ғылыми мәдениеттің қадірі осылай қашып еді, соңғы кезде өкімет аты бар, заты жоқ ғалымдардың көбейіп кеткендігінен ұялса керек, оған тосқауыл болатын тәсіл ойлап тауыпты. Ол тәсіл бойынша ғалымдар – нағыз ғылым адамы болуға тиіс. Бірақ ақшаның құдіреті тасып тұрған біздің елде оның түбі не болары да күмәнді. Өйткені біз руханият және ғылым саласында тіптен тоқырап қалғанбыз. Оны тиісті дәрежеге жеткізу үшін жаңа жүйе қажет. Ондай жүйе адалдық пен таза руханиятқа қызмет етуі, халық шіріген байларға емес, таза оқымысты адамның тірлігіне таң қалып, қызығып, соларға қарай бой түзеуге бастайтын жүйе қалыптасуы керек. Мұндай жүйе «дүниенің бар құдыреті – ақшада» деген ұғым мектеп оқушыларының санасына дейін сіңіп кеткен біздің қоғамда жақын арада орнай қояды деу де күлкілі тәрізді.

Қарапайым халық аңғара бермеуі мүмкін, ал таза шығармашылықпен айналысатын мен тәрізді адамдар, сондай-ақ шынайы оқымыстылар – әшейінде бір адамды кабинетінде қабылдауға уақыт таппайтын дөкейлер, докторлық диссертациясына қажетті материалдар жинау мен оны жазуға қалай уақыт табатынына таң болады. Ашығы – олар ештеңе жазбайды, материал жинамайды. Ақшасы көп дөкей докторлықты біреуге жаздырып, дүниесінің күшімен оны қорғата салады. Құдай біледі, олардың көбі өздерінің диссертациясының тақырыбын терең білмесе де керек. Ғылым докторы деген атақ, оған астындағы қымбат көлігі мен зәулім үй сияқты бұйым тәрізді көрінер. Болмаса жалған атаққа малынып, даңғазма мақтанышқа құмар көңілі тоғаяр. Қалай десек те, бұл біздің қоғамның тұрлаусыздығының бір көрінісі.

Біздің қоғамда қаншама талантты ғалым, жазушы, өнер қайраткері болсаң да, ақшалы дөкейдің жанында кішкентай-ақ тұлғасың. Бір ақшалы адам сүйреп демемесе, ешкімнің көзіне түсе алмайсың. Қоғам ақшалыны құдыретті тұлға еткесін, ғылым-мәдениеттің кімге керек? Өнерлінің бәрі екінші қатардағы адамға айналған. Тәуелсіздік алғалы бері бүкіл елге танылған жас ғалым, болмаса дарынды жазушы шықты ма?

Атақты жазушылар, актерлар дегендеріміздің барлығы баяғы Кеңес кезіндегі белгілі тұлғалар. Сол кезде шыққан атағы оларды әлі сүйреп келеді. Содан бері қазақ елі қандай жаңа талантты елге танытты? «Қазақ әдебиеті» газеті мақтап, мадақтап жататын кейінгі ақын-жазушылардың аттарын неге дүйім ел білмейді? Олардың ақшалыларға жалынып, көмек сұрап, бір-екі мың данамен шығарған кітаптары кімге жетеді? Оқылатын кітаптарды неге қазақ елі Кеңес кезіндегідей 30-40 мың данамен еш болмаса бір рет басып шығармайды? Дамыған, байыған еліміздің оған шамасы әбден жетеді-ақ. Тек біздің үкіметтің ондайға ниеті жоқ.



Үкімет есебінен жылына 30-40 кітап шығады. Сол шыққан кітаптарға қараңызшы, жаңа таланттың, жас дарынның, болмаса облыстардағы белгілі қаламгерлердің ел сүйіп оқитын шығармаларын көрмейсіз. Ол жерде де сыбайластық жайлап кеткен. Кілең ескі ақын-жазушылардың ана кітабынан, мына кітабынан үзіп-жұлып алған әңгімелері мен өлеңдерінен құралған немесе бұрын сан мәрте жарыққа шыққан шығармалары басылады. Ал жаңаша, бүгінгі оқырманның талабына сай стильмен жазылған кітаптар тіпті ол тізімге ілінбейді де.

Қоғам жас және жақсы жазушы болса да дүйім жұртқа таныс болмаған қаламгерлерге көңіл аудармағасын ба, бізде әдебиет те тоқырап тұр. Жақсы жазушылардың шығармаларының жарнамасы жоқ. Жарнама дегеннің бәрін ақшаға тіреп қойған біздің елде табысы аз жазушылар не істей алсын? Кеңес кезінен бері аты шығып келе жатқан бір де бір жазушы дәл бүгінгі қоғамға лайық әдебиет жасай алмағаны қалай? Қазақ тарихының шынайы бейнесін зерттеп, ақиқат тұрғысындағы әдебиет жасай алмай жүрген жазушылардан не қайыр. Ең болмағанда, Кеңес кезінде жазылған «Көшпенділердің» жалғыз кітабына татитын бір кітаптың жиырма үш жыл ішінде жазылмауына, жазылса да күллі жұртқа танылмауына кім кінәлі? Бұдан керісінше, жиырма үш жыл ішінде елді тонап, шексіз байлыққа ие болған кәсіпкерлердің аты мен заты дүркіреп тұр. Байлыққа ие болған адам ешқашан да, ешбір тарихта да жұрт тұлғасы, ел тұтқасы болған еместігін біздің «сауатты да дамыған» қоғам қашан түсінеді?

Жастары үлкен белгілі деген жазушылардың көбі қазір қалталыларды сағалап кеткен. Олардың сөзін сөйлеп, бағытын қуаттайды. Ой, ақшалы адамдардың біразы бүгінде «ақын-жазушы болып» таныла бастады. Мұның жанында докторлық түк емес екен. Қайбір жылы Беляев деген банкир өлең жазып, ән шығарған. Қазақтың ақиық ақыны делінетін бір қызы оның өлеңдерін қазақшаға аударып, мақтау айтқан. Өлгінің адам көңіліне қонбайтын, ұнамайтын әнін оның шығармашылық кешінде белгілі әнші Роза Рымбаева орындаған.

Оны айтасыз, оңтүстіктегі бір базар басшысының қалыңдығы кірпіштей, бірақ ішіндегі өлеңдері ілгеріде біздің ауылда құдалық тойларда кемпірлер ұйқастырып айтатын өлеңдерден де нашар сансыз поэзиясымақтар топтастырылған кітабына атақты бір ақын мадақ айтып, пікір жазыпты. Кеңес кезіндегі әдебиет «халтурасы» айналайын екен. Шығармаларында «халтура» мен бәлдір-батпағы араласқан, нені жырлап, нені айтқысы, жазғысы келгенін түсініп болмайтын ақын-жазушы көп бүгін. Бір өлеңін жұрт жатқа білмейтін талай ақын бұ күнде Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары. Кітабын еш болмаса елу адам қызығып оқымайтын, сонымен бірге жазбасын ақы алып жөндеп берген редакторлардың арқасында жазушы атанған, ал өзі кітап түгілі бір көлемді мақаланы сауатты жаза алмайтын, оған

керісінше, ақша мен әлдекімдердің көңілін табуға келгенде алдына жан салмайтын пысық, билікке қалай жағынудың жолын жақсы білетін, бойларына ар мен ұяттан гөрі жағымпаздық қасиетті көбірек жинақтаған бірнеше «мықты» қаламгерлер де осы атаққа жеткен.

Өлеңдерінде жан жоқ, жазуларында мән жоқ әлгіндей жантықтар осындай биік атақтарға қалай ұялмай таласады өзі. Әдебиеті мен өнерінен береке кеткен қоғамды көрмей, ерте бақилық болған Мұқағали мен Жүмекендер, әсте, бақытты болар. Әлбетте, мұның бәрі жазу атты киелі өнерге шын шалағайлардың үстем ете бастағанының айқын мысалы. Ондай шалағайлар әдебиеттегі өз шамаларын ұға ма, ұқпай ма, ол жағы маған беймәлім, бір білетінім, олар дарыны жетпеген жерге қарымы жеткен, иеленген атақтары арқасында аса таланты, аса танымал болып көрінуге ұмтылған кемталанттар ғана. Егер мұндай үрдіс жалғаса берсе, әдебиет халықтық болудан қалады да, ол тек бір белгілі топтың кәсібіне айналған мамандық боп шыға келмек. Бізде ұлттық идеология жоқ, ал мәдениет тіпті құлдырап кетті. Оларды жемқорлық пен көлденең пайда табу, байлыққа жету мұраттары басып кетті. Мұндай тәрбиемен өскен жас ұрпақ ертеңгі күні кім болмақ?

Жастардың кім болмағы қазірден-ақ білініп қалды. Бір ғана мысал ретінде бүгінгі «оза шауып бәйге алған» немесе «таланты тас жарып, халыққа танымал болған» әншілерді алайықшы. «Ерінбеген етікші, жалықпаған жазушы болады» дегендей, біздің қоғамда кім көрінген жазушы, әу деген жастардың бәрі әнші. Әнші болғанда қандай! Көбісінің әндерін өздерінен басқа ешкім айта алмайтын, яғни не мәні, не сөзі, не көңілге қонатын әуені жоқ, әйтеуір тақ-тұқ ырғағы бар бірдене. Тағы да бәрі махаббат пен бақытты жырлағыш, ғашықтық жайын әндеткіш, оларды түсінсе мейлі ғой. Бәрінен бұрын тек ұйқас қуалайтын бір жолы екінші жолына үйлеспейтін ән мәтіндерін айтсаңызшы. Ондайлардың талайының аттарын атап, түстерін түстеп, салған әндерінің сөздерін саралап, талдап, қатесі мен олқылығын көрсетіп берсек қой, масқарасы шықпаса да, бір сәт ойланар еді-ау.

Бірақ біздің сөзіміз оларға «жаяудың шаңы шықпастай» әсер ететіні, одан еш қорытынды шығармайтындары белгілі. Өйткені оларды біздің рухы мен мәдениеті тым азғындап кеткен қоғам қолдап-қолпаштап отыр. Қазіргі қоғамның айнасы – теледидарлар азаннан кешке дейін сондай әндерді беруге ұялмай әрі ондайларды насихаттап отырғанда, біздің сөзіміз кімге жетеді? Осындай әуені нәрсіз, сөздері мәнсіз әндерді эфирге жіберіп отырған телеарна басшылары мен редакторларының өре-пайымдарының қандай екендігі көзі қарақты жандарға белгілі-ақ. Осы жерде телеарналарда жиі орын алатын бір үйлесімсіздікті айтсақ жеткілікті. Бас арна «Хабар» мен «Қазақстаннан» бастап, «Таң», «СТВ», солармен қатар күллі облыстық телеарналардың бәрінде әр түрлі атауды иеленген танертенгілік ойын-сауығы да, әні де, сұхбаты да,



түрлі ақпараттық хабарлары да топтастырылатын бағдарламалар бар. Жүргізушілері бөлек демесең, бәрінің бағыты бір сарындас. Бірақ мәселе – олардың бір сарындылығында емес, бір сюжет пен екінші сюжеттің үйлесімсіздігінде. Мысалы, олар бір салиқалы оқымыстыны, не қартаң ақын-жазушыны, болмаса депутаттар мен дін қызметкерлері – имамдарды шақырып сұхбаттасады. Сұхбат соңында қай телеарна болса да, міндетті түрде әлгі қонақтың құрметіне орай бір ән жолдайды. Сонда қандай әнді береді десенізіші. Жоғарыдығы айтқанымыздай, тақтұққа негізделген, екі иығын жұлып жеп, аласұра билеген әншісімақтардың сөзі – шайтандікі, әуені – ібілістікі сияқты естілетін ессіз әндерін береді. Оу, әлгі сұхбаттасқан кісінің дәреже-шеніне қарап, лайықты ән жолдау қайда? Салиқалы қонаққа деген құрмет қайда? Былайғы уақытта білгіш, сөйлесе қалсаң, сауатты екенін дәлелдеп бағатын сансыз редакторлардың осыған да өрелері жетпегені ме? Міне, бүгінгі журналистиканың мәдениеті.

Бүгінгі жастардың әні делінетін әндерде жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлттық рухқа тәрбиелейтін сипат жоқ. Жеңіл, ойнақы, кейбіреулері бір күндік, тіпті екі-үш-ақ минуттық ғұмыры бар әндер. Мұндай әндер жастарды тым ұсақтатып барады. Тағы да ондай әншілер «жұлдыз» атанатынын қайтерсің. Мәдениеті төмендеген елде қыран мен шымшықты айыра алмайтын сана қалыптасады. Теледидар мен сахнада – жұлдыз, ал ақша үшін кім көрінгеннің тойына барып, қарапайым асабамен қатар жүретін, тойдағы мастармен құшақтаса суретке түсетін – қатардағы жан. Қызық парадокс. Өздерін «жұлдыз» атағандар, аталғандар атына заты сай болып, үнемі биіктен көрінбей ме? Жоқ, ақша табуға келгенде олар да «төмендегі» пенделердің ырду-дырдуына араласып, «жұлдыз» екенін ұмытып кетеді. Былайғы уақытта панданып, өзгелерден өзінің артық жан екенін көрсетуге тырысып бағатын «жұлдыздар» той кезінде «Біз әрқашанда халықпен біргеміз!» деп ұрандатып та қояды. Ойпырмай, тіршілігінің сиқы қашқан қоғам, мінезі өзгермелі адамдарды өсіріп шығарады екен-ау. Мұндай көріністер келешек ұрпақтың рухани байлығының өте жұтаң болатындығының алғышарттары болмасын деңіз.

Мен кейде ойлаймын, осы келешекте журналистердің (әсіресе тележурналистердің) орнын екі ән айтып «жұлдыз» атанған әншілер, болмаса актерлар басып кетеді-ау деп. Ондай үрдістің негізі мынадан көрінеді: Қазір телеарналарда әр түрлі шоу-бағдарламаларды не сөз қоры жоқ, не журнал-шыға тән шеберлігі жоқ, ренжімесінші, кейбірінің рең-келбеті де жоқ (бар болса, бояну арқылы сұлу боп көрінетін) әншілер жүргізетін болыпты (орыс телеарналарынан жұққан ауру ғой). Ондай әншілерге өздерінің «жұлдыз» деген аты аз ба еді. Оларды кім және не үшін теледидарларға тықпалап жүр? Қазіргі тілмен айтқанда, арнаның рейтингін көтеру үшін бе? Олай болса, бұл идеяны көтерген жан қатты қателеседі. Өйткені әлгіндей бағдарламаларды

жүргізетін әншілердің барлығын жалпы қазақтың бәрі жақсы көріп, әндерін сүйіп тыңдамайтыны, көбісін көпшілік жақтырмайтыны жасырын емес. Жүргізуші болған кейбір әншілердің әндерін тыңдамаса, өздерін жақтырмаса, онда жаңағындай бағдарламалармен телеарнаның рейтингі, қазақша айтқанда, мәртебесі қалай көтерілмек? Ең бастысы, сонда кәсіби журналистер қайда қалмақ? Сонда жер-жерде не үшін журналистиканы оқытып жатыр? «Хабардағы» таңғы «Жаңа күнді» Нұрлан Абдуллин мен Аша Матайдың жүргізетіні қаншалықты ұтымды? Маған өкпе артпасыншы, Абдуллиннің кескін-келбеті жүргізушіге еш лайық емес. Айтпақшы, ол да «жұлдыз» емес пе. Шымкенттегі «Кимекс» атты аяқ киім сататын дүкеннің тұтас қабырғасына «Ой, қандай керемет аяқ киім» деген таңданысты білдіретін аса үлкен билбордқа Абдуллиннің және аттары есімде жоқ, бірақ жүздері таныс тағы бір-екі әншінің еріндерімен туфлидің өкшесін сүйіп тұрған көлемді суреттерін іліп қойыпты. «Жұлдыздарымыз» енді жарнамаға туфлиді ауызбен сүйіп түсетін болғаны ма? Олар Алланың түнде жарқырап тұратын аспандағы жаратылысымен теңескен адамдар сияқты еді ғой...

Қазақтың кино мәдениеті де өспей тұр. «Қазақфильм» Кеңес уақытындағыдай халық көңілінен шығатын бір киноны түсіре алмауы кімнің кінәсі? Рас, соңғы кездері қазақ режиссерлары бірсыпыра кинолар шығарды. Бірақ көңілден шыққан бірі жоқ. Бәрі тартымсыз, оқиғалары нашар, одан қалса, базбір кинолардың көшірмесі. Біз «Троя» немесе «Гладиатор» тәрізді әлемдік киноларды түсіруге кеткен ақшадан да көп қаржыға «Көшпенділер» фильмін түсірдік. Түсірдік те, ең болмағанда жақсы мультфильм дәрегейінде жұртты тамсанта алмай, масқараға ұшырадық. Одан «Жетімдер» деп аталатын бейнефильм мың есе артық. «Жетімдерде» де қатып тұрған өзгешелік жоқ, бірақ жұртты тартатын көрініс бар.

Қазақта киноға лайық қанша тақырып бар. Осы заманғы жастарды ұлттық тәрбиеге, қазақы рухқа шақыратын тіке төте жол – осы кино. Сырым Датұлы, Кенесары, Есім хан, Қасым хан, одан кешегі орыс отаршылдығы және 1931-32 жылдардағы ашаршылық туралы киноларды неге шығармаймыз? Киноның басым көпшілігі тарихты қамтиды десек, ой, киноға арқау болатын бізде қаншама тарихи кейіпкерлер, қаншама батырлар бар. «Қыз Жібек» пен «Атаманның ақыры» теңдес кино түсіре алмағасын, қай жеріміз дамыған? Жаңа салынған Астана мен облыс орталықтарының гүл отырғызылған көшелерімен бе? Дамыған елдің мәдениеті озық болмаушы ма еді? Кейбір облыстар мен қалаларда мәдени орталықтардың, кітапханалардың көпшілігі бір кездегі әлдеқандай дөкейлер жекешелендіріп алған мекемелерді жалға алып отыр. Айына өкіметтен алған пәлен мың теңгені бір шенеуніктің қалтасына салып береді. Өз елін алдап, ақша тауып отырған шенеунік мәдениетінде шаруасы бар ма?



Жуырда «Астана» телеарнасының «Жаңалықтар» хабарында «Қазақфильм» ТМД елдері бойынша кино түсіруден Ресейден кейін екінші орынға шықты» деген хабарлама таратылды. Оны тележурналистке сұхбат берген бір киногер растап берді. Күлесіз бе, жылайсыз ба? Оу, «Қазақфильм» Ресей режиссерларының соңын алмақ түгілі, мынау тұрған Өзбекстанның жекеменшік студияларымен-ақ таласып көрсін де. Ресей кинолары мен сериалдары, мойындау керек, қазір бізден қайда ұзап, әлемдік кинолар дәрежесіне жетіп отыр. Олар қай киносында болса да, орыс халқын көкке көтеріп дәріптейді. Біздің бұрынғы киноларда күллі қазақ ақымақ, бір орыс ақылды болып көрсетілсе, қазіргі киноларда қазақтардың жадау-жүдеу бейнесі, лашық тамда өмір сүретіні, айдала адырда, болмаса қу мекиендегі пойыз жол жағасында тұратыны сияқты көрініспен түсіріледі. Біреуінде ұлттық намыс пен рухты оятатын жел болсайшы. Тіпті М.Шоқай туралы киноның өзі көпұлттылықты дәріптейтін саясат тұрғысында түсірілген.

Бұның тағы бір мысалы – дәл осы күндері «Қазақстан» ұлттық телеарнасында көрсетіліп жатқан «Елім-ай» телехикаясы. Кеңес кезіндегі қазақ киноларының негізгі мақсаты – коммунистік партия мен «ұлы орыс» халқының мүддесі мен көңіліне қарай түсірілетін болса, қазіргі қазақ кинолары көпұлттылықты дәріптеп қана қоймайды, фильмдегі қазақ кейіпкерлерін біздің жерге келген келімсектерге жәутендетіп қояды. Қазақша жүретін «Елім-айда» екі қазақ бір орыстың алдында бір-бірімен орысша сөйлеседі. Кино солай түсірілген. Ал араларында орыс жоқ болса қазақтар өзара қазақша сөйлеседі, Әттең, кинода ағылшын немесе неміс жоқ. Әйтпесе фильмдегі кейбір көріністер солардың тілінде түсірілетін бе еді, кім білсін? Сонда олардың несі қазақы кино. Оның үстіне «Елім-айда» адам қызығатын ештеңе жоқ, саясат басым. Бүгінгі билікті мадақтау саясаты.

1930-50 жылдар арасындағы қазақтың бас көтерерлеріне туған зобалаң мен аштықты, одан қалса, әр жақтан қуылған ұлттарды қазақ жеріне келіп қоныстануының бір үзігін баяндайтын «Жерұйық» деген кинода Кавказдан ауып келген бір топ келімсек арба үстінде отырып, «Бұл қай жер? Бізді елімізге қайтарыңдар!» деп қазақтарға міндет қылып өктем сөйлейді. Киноның бас кейіпкері болып жүрген бір жазған қазақ оларға «Келіп қалыпсыздар, аттан түсіңіздер, жағдайларыңызды жасаймыз» деп әбден жалынатын сюжет бар. Бұл көрініс нені дәріптеу деңіз. Біреулердің көңілін табу ма? Ол ол ма, осы кинода бөгде ұлттар жергілікті қазақтардан қай жағынан болса да нанымдылау, ақылдылау, іскерлеу болып түсірілген. Өз елімізде, өз жерімізде өз халқымызды өзіміз екінші сұрыпқа шығарып түсіретін кинолар, біле білсек, қазаққа да, әлгі мадақталған бөтен ұлттарға да керек емес. Одан ешкім тәлім алмайды. Ұлттар достығын дәріптеу үшін қазақты міндетті түрде қашанғы екінші орынға

ысыра береміз... Ақпараттың ең құдіретті құралы – кино осындай сарынмен жұртқа көрсетіліп жатса, жастарды ұлттық тәрбиеге баулып жатырмыз деп көпіре беру – далбаса нәрсе. Бұл қылықпен дүбәра қоғам қазақ жастарын дүбәра тәрбиеге тартып отыр.

Енді тарих мәселесіне көшейік. Қазақтың тарихы әлі күнге дейін толыққанды зерттеліп те, жазылып та біткен жоқ. Жастардың, жастар түгілі, қазақтың егде кісілерінің 90 проценттен астамы өз халқының тарихын білмейді десем, артық айтқаным емес. Бізде өткен тарихта шынайы насихаттайтын жарнама, кино, әдебиеттер жоқ. Бұған мектептегі оқулықтар, олар туралы кинолар мен мультфильмдердің жоқтығы жазықты. Мектепте Қазақ тарихы тым жұтаң түрде оқытылады. Есесіне, грек, орыс тарихтарына көп сағат бөлінеді. Тарих оқулықтарында бұрынғы орыс патшаларын дәріптеу әлі басым. Қазақ тарихы оларға жанама сабақ ретінде өтілуде. Біз сонда қандай елміз? Шет елдердің тарихына тұтас беттер, ал қазақтың өткеніне бір-екі-ақ бет арналған тарих сабағы кімді тәрбиелеуде? СОКП мен комсомол тарихы 3-4 бет болса, 1931-32 жылдардағы ашаршылық жайындағы мағұлматтар екі-үш абзац қана.

Ұлттық рух мектепте тарих және әдебиет сабақтары арқылы көтеріледі. Жас қазақтың рухын оятуымыз және бөгде ұлттар оқушыларының бізге деген көзқарасын өзгерту үшін тарихты болған күйінде оқыту керек. Мысалы, орыс отаршылдығының зияны мен зардабын сынға алып, ақиқатын оқыту ләзім. Қазақ балалары оқитын тарихта Иван Грозный мен І Петрды мадақтаудың жөні жоқ. Өйткені олар Қазақстан мен Орта Азияны отарлау идеясының басты авторлары. Оны мақтаса Ресейдің оқулықтары мақтай берсін. Бізге ондай оқулықтардың көшірмесі қажет емес.

Елімізде неміс ұлтының көптеген өкілдері тұрса да және Ұлы Отан соғысында фашизмді тасталқан етіп жеңсек те, неміс басқыншыларын, оның ішінде Гитлерді жауыз ретінде көрсетіп, жамандауды қоймаймыз. Оған қарама-қарсы – бізді отарлауды жоспарлаған және іске асырған, қазақтың жерін, тілін, дінін, мәдениетін, барлық ұлттық рухани құндылықтарын таптағаны былай тұрсын, жеріміздегі қазба-байлықтарды аямай сорған орыс патшаларын несіне дәріптеуге тиіспіз? Өзбек пен тәжікте дәл Кенесарыдай батыр болса, ендігі оны кино тұрғысынан да, басқадай тарих тұрғысынан да әлемге танытып қояр еді. Ал бізде оған тек Астанада ғана ескерткіш орнатқанымызға мәзбіз. Ұзынағашта жаулаушы Колпаковскийдің ескерткішін қайта ашу – кімнен үріккендік немесе кімді сыйлау? Колпаковский қазақты қырған нағыз озбыр шовинист емес пе еді?

Осындай-осындай нәрселерді білмейтін халықтың ұрпағы өз тегінің жақсы қасиеттерінен қол үзеді. Тарихын білуге құштарланбайды. Оған байлық қуалаған пиғылды қоссаңыз, қазаққа елдік қалып қалмайды. Көше-көшелер бойында салынған үлкен



дүкендер мен тойханалардың маңына көз салыңызшы. Көліктер бей-берекет тұрады, халықтың, жұрттың жолын жауып. Көшенің тура ортасына көлігін қоя салып, өзі қаңғып кете беретін жүргізуші кімнен тәрбие алған? Бойына қазақы мәдениетті сіңірген жүргізуші олай істемесе керек-ті. Бірақ бойында не өзінікі емес, не өзгенікі емес, дүбәра мәдениет қонған ондай жас ұлтының патриоты болып жарытпасы анық. Қоғам қандай болса, адамы да сондай болады. Ал мұндай өзіндік кескін-келбеті қалыптаспаған қоғамды билік жөнге келтірмесе, берекесіз тірліктерге әбден бойлары үйренген төмендегілер ешқашанда өз-өзінен тәртіпке де, айшықты мәдениетке де жетпейді.

Қазір бүкіл Қазақстанда «Дипломмен ауылға» деген ұран жүріп жатыр. Жастардың ауылға барғаны жақсы-ау, бірақ олар онда не істемек? Кеңес уақытындағыдай колхоз-совхоздар да жоқ. Олар болмаған соң ауылда жұмыс та жоқ. Қазіргі ауылдарда бары – бір-бір мектеп, бір-бір фельдшерлік пункт немесе әкімдік қана. Жаңа маманды қажетсінетін орындар осылар ғана. Ал олардың барлығында жұмыс орындары ауылда тұратындардың өздерінен артылмайды. Сонда диплом алған жас маман ауылға не үшін бармақ? Міне, сізге түбірінде ешқандай мағына жоқ жалаң ұран. Жұмыс орындары көп қалалары өзінде жас мамандарға орын табылмай жатқанда бір де бір ірі шаруашылық немесе өндірісі жоқ ауылдарда жастар не бітірмек? «Дипломмен ауылға» деген ұранның өзі әншейін бір науқаншылық сияқты көрініс.

5. КӨП МАҚТАНУ МЕН КӨПДІНДІЛІК ЕЛГЕ ҚАУІП

Мемлекеттегі заңдардың басты бағыты бір арнаға, яғни бір идеология аясына тоғыспағасын, еркіндік пен демократияны желеулеткен базбіреулер ойына келгенін істеп, халық пен қоғамға жат ұстанымдарға бой алдырады. Мұндайға елдік қалпы мен ұлттық негіздегі тәрбиесі бұзыла бастаған халық тез беріледі. Ал бұған жол бермеу үшін заңдардың қаталдығы керек. Әлбетте, біздің елде заң жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ кейбір заңдар үнемі және біркелкі орындалмайды, уақытысында іске аспайды. Алтын әріптермен жазылған Мемлекеттік заң мен Конституцияның барлық тармағы күнде орындалуы тиіс. Оның орындалуын үнемі қадағалап отыратын орындардың жұмыстары тым босаң. Біздің ел кейде заңның кейбір тармақтарының орындалу барысын науқаншылыққа айналдырады. Оның орындалуы күнделікті міндет болса да. БАҚ-ының барлық түрі оны жарнамаға айналдырды. Тегі, бір заңның әлдеқандай тармағын іске асыруды қолға алып, күшейте түсетін, сонымен қатар оны науқаншылық шарасына айналдыратын – тек ТМД елдері, оның ішінде Қазақстан. Біздің билік бір нәрсе әбден ушығып кеткен кезде ғана соған қатысты заң тармақтарын еске алатын сияқты. Алайда оның

бергі бетін қалқып қана әрекет жасайды. Одан кейін биліктегілер заңдарға өз мүдделеріне орай өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

Ата-бабаларымыз ұстанған дін жолына жақын әрі ешкімнен ақылым аспаған адам ретінде айтайын, қазіргі дін ахуалына осыдан он-он бес жыл бұрын жаным күйген. Қай қалаға барсаң да, әсіресе, Шымкентте, мұсылман мешіттері бір қалтарыста, болмаса сай ішінде, одан қалса, базары мен мейрамханалары көп тұстарда салынды. Кезінде осы жайын жергілікті газеттерге жазып, телеарналардан айтып, өңешім жыртылған. Есесіне, христиандық пен буддизм бағытындағы діншілердің шіркеу, синагогалары қаланың әсем жерлерінде, ашық жол бойларында тұрғызылған. Ең өкініштісі – олар өз қатарларына қанша қазақтарды тартып әкетті. Сорлы қазақ мұндай қадамға баруға неге құштар болды? Бұған біріншіден, осы мақаланың өн-бойында айтып келе жатқанымдай, әр қазақтың бойынан ұлттық намыстың жоғалып бара жатқандығы, екіншіден, олардың сауатсыздығы мен отбасынан да, қоғамнан да ешқандай тәрбие алмағандығы (сауда-саттық пен алыпсатарлықты, тек ақша табуды насихаттап кеткен біздің қоғам адам факторын мүлдем естен шығарды), үшіншіден, егемендік алған алғашқы жылда бірден ұлттық идеологияны қолға алмағандығымыз, төртіншіден, төменгі биліктің тармағын иеленген шенеуніктердің сапасыздығы мен санасыздығы кінәлі.

Билік кезінде ұлттық тәрбиені қолға алмағандығының кесірінен әр түрлі себептермен жұмыссыз және ақшасыз қалған қазақтар аз ғана болса да ақша беріп, өз қатарларына тартқан басқа діндегілердің уағызына еріп кетті. Әу бастан-ақ өз халқының тарихи мен ұстанған дінінен мүлдем бейхабар, өзіндік пікірі жоқ өресіздер, сөзге ергіш, еліктегіш келетіні бар. 1992-2000 жылдар арасындағы билік пен халықтың арасы ажыраған әрі сол кездегі қазақтың ұлттық құндылықтары аяққа тапталған кезеңді бөтен дін иелері әдемі пайдаланды. Шеттен келген миссионерлердің барлығы өте білікті және азғындай бастаған халықты оп-оңай өз дегендеріне көндіруге болатынын жақсы білген әккі адамдар еді. Бұған әлемге жақсы көрінбек ниетпен дін туралы заңды мейлінше жұмсартып жіберген біздің заңымыз да хал-қадірінше мүмкіндік берді. Миссионерлер өз діндерін насихаттайтын түрлі-түсті кітаптарын, көше-көшелерге жүріп, тегін таратуға қол жеткізді. Ондай кітаптарды таратушыларды шешен де әдемі сөйлейтін, әңгімелескенде кімнің болса да іші бауырына кіріп кететіндей кішіпейіл етіп тәрбиелей алды. Бұл кезде исламды насихаттайтын діни кітаптар мен Құрандар пәлен мың теңгеге сатылып, мешіттегі имамдар алдына келгендерге дөрекі де қатқыл сөйлейтін...

Иә, талай намыссыз қазақ әдемі сөйлейтін Иегова тәрізді ағымдардың қатарына тартушылардың соңына еріп кетті. Оған қоса, көрнекті жердегі учаскелерді



шіркеу, храм тұрғызуға бөтен діндегілерге өте қымбат мөлшерде пара алып сатқан парықсыз әкімдердің тірлігін де өтірік дей алмаймыз. Сол уақытта мешіт имамдары мен әртүрлі мерзімді баспасөзге осы тақырыпта мақала жазған кісілер сондай жолды таңдаған қазақтарды кінәлап, байбалам салып жатты. Бірақ өкімет оған назар аудармады. «Зайырлы мемлекетпіз» дегенді алға тартып, көпінділікті насихаттай түсті. Бір де бір билік иесі Қазақстанда неліктен діни секталар мен ағымдардың көбейіп бара жатқандығына мән бермеді. Оның астарына ешкім үнілгісі келмеді. Қазақстан қандай көпұлтты болса, сондай көпінділі болуы керек деген пиғыл ұстанды және ұстанып та келе жатыр.

Расында, өз діндерінің Қазақстанда кең канат жаюына күш салып жүрген бөтендердің ойында не бар? Өздері уағыздағандай, «Біздің дін жер бетіне мейірімділік пен ізгілік әкеледі» деген пиғылды іске асыру ма? Білген кісіге бөтен дінді насихаттаушы әрі оның қатарына қазақтар мен басқаларды тартушылардың ойы мүлдем бұлай емес. Дін – қазіргі кезде жымысқы саясатқа айналған. Бөгде дін қай халықты болмасын, ұлттық қалпынан айырып, жұртты бұзады, қасиетінен жұрдай қылады. Дінінен безген қазақ өз Отанына шын пейілмен қызмет етуі неғайбыл. Миссионерлердің де көздегендері – осы. Қазақтарды жік-жік қылып тастаса, ертең бұл жерді басып алу, иемдену оңай. Қазіргі белең алып кеткен дәстүрлі емес діндердің бәрінің көздегені осындай саясат. Олар мұндай зымияндық пен аярықты асықпай іске асырады. Осы жағдайды еш ойланбай, «Біз көп дінді мемлекетпіз» деп мәз болатын, сондай үрдіс пен саясатты ұстанып отырған бүгінгі билік қоғамды қайда бастап барады?

Әлемдегі ойдан-қырдан қашқан жаман ниеттегі (өздерінше таза) діндердің бәрі бізде. Соны арабтар мен парсылар да байқаса керек, он жылдан асты, бізге түрі исламдық, түбі басқа бағыттағы уағызшыларын қаптатып жатыр. Қазақтың сақалдарын ұйпа-тұйпа қып өсіріп, қысқа балақты шалбар киетін, қап-қара, болмаса алабажақ көйлекпен бүркеніп, қарақоңыр орамал тартып, көзге тым тұрпайы көрінетін жас қыздары мен жігіттері сондай теріс уағызшылардың бақшасынан өскен «жаңа жеміс». Сол кейіпке түскендер – қазақтың қызы ешқашан қара көйлек кимегенін, бозбаласы қауғадай сақал қоймағанын неге білмейді? Ілкідегі қазақтардың әйелдері күйеуі немесе жақын бір туысы қайтыс болғанда ғана қара орамал тартқан. «Қара жамылған» деген сөз содан шыққан. Осылар пайда болғанда-ақ өз басым сөзім жетер жерге шыр-пыр болып едім, селт еткен бір имам, бір әкім табылсайшы. Енді келіп...

Иә, ол ойымды үзе тұрып, әлгілерге қайта оралайын. Дүниедегі дін атаулының барлық бағыттары (әлдебір елдер өздерін қуып шығарған түбі мәнсіз секталар) Қазақстанға келіп өркен жайып жатқанда, исламның төрт мәзһабы былай тұрсын, ешбір мәзһабқа жатпайтын ағымдар да

қарап жатсын ба? Түбірі Саудия мен Пәкістаннан, Ауғанстан мен Үндістаннан шыққан түрлі исламдық ағымдар аз жылдың ішінде қаптап кетті. Иегова, кришнаид, т.б. тәрзіді ел бұзатын секталар біздің халыққа қандай қауіпті болса, ата-бабаларымыз ұстанып келген Әбу Ханифа мәзһабынан басқа жолдағы исламдық ағымдар да соншалықты қатерлі. Мен сақал қойғыштар мен бүркеніп қара хиджаб кигіштердің қатардағылардан бастап, ең білімді деген ұстаздарымен пікір таластырып көрдім. Сонда олардың нені уағыздап, не жайында айтатынын білесіз бе? Уағыздарының бәрі о дүние туралы. Және уағыз-өсиеттерінің барлығы қазақтың болмысына еш сай келмейтін құрғақ баяндаулармен астасады. Сөздерінен арабтық немесе парсылық ғұрыптардың исі аңқып тұрады. Бір де біреуінде қазақтың қасиет пен отансүйгіштік патриотизмнің рухын көре алмайсыз. (Бұған қарап отырып, мен қазақтардың бұрын бір бөлігі орыстанып кетсе, бұдан былай бір бөлігі араптанып кете ме деп қауіптенемін).

Ондайлар Құран аяттарының астарында түсіне бермейді. Алла кітабының тек өздеріне ғана керекті тұстарын алады және оның мән-мағынасын тікелей ұғады. «Жер бетіндегі халықтар – қазақ, өзбек, тәжік боп бөлінбеуі керек. Бәрі мұсылманбыз деп айтуы шарт» дейді. Осылай дей отырып, Құранның «Хұжырат» сүресіндегі «Жер бетінде бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар мен ұлыстарға бөліп жараттық» деген Жаратушының сөзін еске алмайды, болмаса әдейі оқымайды. «Дастарханға бата жасау, өлікке жылау, әруақты ауызға алу шарт емес» дейді. Сөйте тұра, өздері бұдан пәлен ғасыр бұрын өмір сүрген әлдебір кісінің өсиетін оның атын атап тұрып, ауызға алады. Қазаққа тән ізгілікті мойындамайды. «Бес уақыт намаз оқымаған адам кәпір, ондай кісілермен, мейлі ата-ана болсын, бір жүріп, бір тұру – харам» дейді. «Үлкендердің жолын кесіп өтетін жастардың, әсіресе қыз-балаларының мұндай қылығы сөлекет емес, жаңа түскен келіннің бетін ашу рәсімі шарифатта жоқ, адам тек Аллаға ғана сәлем салуы керек» деп өңеш жыртсады. Солай дей тұрып, шарифатында жоқ осы заманға сай машинаға мінеді, ұялы телефон ұстайды, теледидар көріп, музыка тыңдайды. «Ырымға сену – адасқандық, той – бекерге ысырапшылдық, еркекке сақал қою – әйел емес екенінді білдіру, нан басуға, жастықты аттауға болмайды делінетін қазақы ұғым шарифатта жазылмаған, бұл дүние тек сынақ, барлық қызық, барлық жаза мен рахат ана дүниеде» дейді. Иә, олар не демейді? Қарап тұрсаң, насихаттарының барлығы – қазақтық қасиетке қарсы әрекеттер. Мұның түбінде не жатыр деп ойлап көріңізші... Анау Ирак пен Ауғанстанда өзін-өзі жарып, талай жазықсыздарды жапа шектіріп жатқан фанаттар осындай мектептен өткендер болса керек, сірә. Өйткені жаңағындай сөздерді айтқыштар «жасынан қартайып» сақал қойып, хиджаб киіп жүргендер. Біреуінің аузынан қазіргі өркениет пен осы өмірдегі құбылыстар туралы



сөз шықпайды. Халқының мәдениеті мен тарихы, әдебиеті, жетістігі мен кемшілігі жайында да еш айтпайды. Себебі оны білмейді. Білгісі де келмейді. Саналарының бәрін о дүниедегі өмір туралы ойлар торлап тастаған. Осындай жастар келешекте кім болмақ?

Он-он бес жыл бұрын үлкендер балаларының мешітке барып, намаз оқи бастағанына қуанып еді. Намазға жығылған жастың бәрі таза ислам жолына түскен адал адам болып өседі деп иланған талайлар. Бірақ сол 15-16 жастағы, әлі өмірге деген пайымы мен көзқарасы қалыптасып үлгермеген жас өскінді мешіт ішінде теріс бағыттағы исламшылдар басқа жолға бұрып әкеткенін көпшілік кезінде түсінбеді. Жас өскіннің көңілі алабұртып, толқып тұрған шағында санасына сіңген сенімінен кейін оны ешкім ажыратып ала алмайды. Сондай теріс бағыттағы, қазақ халқының барлық салт-дәстүрін жоққа шығаратын ағымдардың үгіт-насихаттарымен саналары уланған қаншама жастар бар арамызда. «Дін-апиын» деп Маркес бекер айтпаған. Діндік үгіт-насихат «апиынымен» тұла бойы уланған жас – келешекте ел тұлғасы, жұрт тіреуші, Отан қамқоршысы болмайды. Неге десеңіз, оларда Отан деген ұғым жоқ. Халыққа қызмет етейін деген ниет жоқ. Діндік парыздар мен сүннеттерді орындамаған жандардың бәрін адасушылар, шайтан жолына түскендер, харамдар ретінде санайды. Міне, көңілдеріне осындай наным ұялатқан олар ертең елге қауіп. Бір сақалды маған айтады: «Жер бетінде сіз сияқты жазу жазатын, ән салатын, той-домалаққа құмар күнәһар пенделер көбейіп кетті. Біз түптің түбінде мұндайларға қарсы жиһад соғысын бастаймыз» деп. Еркімен жіберсек, олар соғыс ашудан, әр жер-әр жерді жарудан тайынбайды. Өйткені саналарында «Бұл дүниедегі адасқандар мен күнәһарлардың көзін жойып, өзім бірге өлсем, пейіш орны маған дайын» деген сұмдық сенім орнығып, тас боп қатып қалған. Ұстаздары солай құйып қойған. Ол ұстаздардың шет мемлекеттердегі ұстаздарының арманы, анығын айтқанда, дінді өрістету емес, халық арасына жік салу, соның арқасында үстемдікке жету. Осыны ойламайтын жастар мен биліктен қорқамын.

Сол билік тап қазір алдымен өзгенің дінін емес, қазақтың дінін, бөгденің тілін емес, қазақтың тілін және осы қазақтың жай-күйін бірінші ойлағаны абзал. Тарихтан белгілі, көп дін шоғырланған елдердің түбі жақсы болмаған. Тарихта өткен соғыстардың көбісі дін мүддесіне орай басталған. Біздің шенеуніктер «Қазақстан халқы тату-тәтті өмір сүріп жатыр» деп ауыз көпіртіп айтады. Онысы рас-ақ. Бірақ сол тату-тәттілік қазақ халқының көнбістігінен, момындығынан, кең пейілділігінен іске асып отырғанын ұқса болар еді. Күні ертең бірдене бола қалса, өздерін ұлы қылатын да, қорғайтын да, арттарынан еретін де, Қазақстанды сақтау үшін күш салатын да, басқа емес, тек қазақ болатынын көкейлерінде мықтап ұстаса екен. Енді осындай жуас, бірақ батыр халықтың арасына ел

бұзатын сынадай етіп, әр түрлі діндердің қазығын қаға бермеу керек. Сына берік ағаш дөңкесін жарып түсетін өткір құрал. Ондай құралды қолданбас бұрын көбірек ойлану, сонымен бірге әу баста елге кіргізбеу әрекетін жасау ләзім-ді.

Жер бетіндегі 40-тан асатын мұсылман елдерінің мынау өркениетті заманда неге бір де бір әлемдік брендті жоқ екенін, оны жасай алмағанын, әу баста ғылым атауының бәрі ислам елдерінде пайда болып, кейіннен неге тоқырап қалғаны туралы да ойлағаны абзал үстіміздегі қоғамның. Себебі мың тарауға бөлініп кеткен исламдық бағыттар ондай жетістіктерге жетуге, ғылым мен өнердің дамуына тосқауыл болып, бір-бірлеріне үнемі кедергі келтіріп отырған. Бұл – ақиқат! Біздің ел қазақтың қалпы мен дәстүрлеріне сай, заманауи өркениетке еш қарсы келмейтін ата-бабалардың жолы – Әбу Ханифа мәзһабынан ауытқымауы ләзім. Қазақтың мүддесіне қайшы келетін діндік ағымдар бізді ешқандай жақсылыққа апармайды.

Сол билік енді келіп, дін туралы заңды түземек, оған қатал қарамақ. Бірақ көптеген зиянды наным-сенімдер бойларына сіңіп, орнығып қалған, сол үшін айтысуға да, күресуге де даяр тұрған ағымдарда жүрген жастар оп-оңай жойыла салса, түзеле салса мейлі ғой. Оны жою және жөнге келтіру үшін дін туралы заң мен бірге, қазақы қасиет пен рухты күшейтетін заң тармағын да қаталдату керек. Кеңес кезінде отанға қызмет еткен «комсомол» тәрізді бүгін мен болашаққа жұмыс жасайтын қазақ жастарының берік ұйымын құрған дұрыс. Сонда алпыстағы қарияға жасы жиырмаға жетпеген кертартпа діни уағыз айтқыш бозбала басқа қырынан көрініп, елдің жақсы азаматы боп қалыптасар еді...

Айтатын нәрсем көп еді. Бірақ осынау повесть көлеміне жуықтаған мақаламызды осымен доғарсақ та жетер. Онсыз да аз айтпаған сияқтымыз. Мен қаламгер ретінде халықтың біраз бөлігінің сөзін және өз пікірлерімді айттым. Сөз соңында айтарым – «Медицинамыз қатты дамып жатыр» деп мақтанатын, сөйте тұра, өздеріндегі дәрігерлерге сенбей, шетел асып барып емделетін шенеуніктері, тек өз бастарының қамын ойлайтын дөкейлері, ұлттық тіл мен мәдениетте жүрдім-бардым қарап, олар туралы анда-санда сөз қылып қоятын басшылары, ішкі нарықта аса қажетті тауарлардың бағасын еш ретке келтіре алмайтын өзгермелілігі, көпұлттылық пен көпдінділікті мақтан тұтып, оған жол беріп, ұран қылған, келімсекті төрге, қазақты екінші сұрыпқа ысырған саясаты бар елдің келешегін ойлап көп қобалжимын.

Шет елдерден келген саясаткерлер «ой, қатты дамып жатыр екенсіңдер» деп, өз қалауын алғанша өтірік мақтайтынын ұқпайтын, халықтың ішкі қажеттілігін ұлттық тауарлармен толық қамтамасыз етіп қанағаттандыра алмайтын және де көптеген проблемалары шиеленісіп кеткен қазақ қоғамы, бізді қайда бастап барасың?..